



МАҢҒЫСТАУДЫҢ
ЖАРТАСТЫ
МЕШІТТЕРІ ЮНЕСКО
ТІЗІМІНЕ ЕНДІ

2-бет



БІЗДІҢ СПОРТ
МЕМЛЕКЕТТІҢ
ҚОЛДАУЫ АРҚЫЛЫ ӘЛІ
ТАЛАЙ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ

3-бет



ҚАТАРДАҒЫ
ОҚЫРМАН
ҚҰДЫРЕТІ

15-бет

ҚАЗАҚҰНИ 25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni@mail.ru

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№30 (1210) 27.07.26



ТЕҢІЗДЕЙ ТЕРЕҢДЕРІМ

Бүгінгі Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының салына бастауына республика басшыларының еңбектері бірінші орын алатыны даусыз. Тек осы істің жандануына атақты артист Серке Қожамқұлов тікелей ықпал етті. Ал бұл жағдайдардан кейін дереу ірге көтеріп, аса дарынды өнер саңлақтары арқылы даңқы алысқа жайылып, Қазақ елінің абыройын асырған өнер шаңырағын қазір Асанәлі Әшімовсіз немесе Сәбит Оразбаевсіз елестету мүмкін бе?!

Қасым-Жомарт Тоқаев:

ҚАҚТЫҒЫСТЫҢ БІЗ ҮШІН ТҮСІНІКСІЗ ТҰСТАРЫ КӨП



2
бет

8-9 беттер

10
стр



«ШОКОВАЯ ДИПЛОМАТИЯ»: ОТ ПЕРЕГОВОРОВ К МАСШТАБНОЙ ВОЙНЕ



ҚАРШЫҒА СІҢІРЛІ ҚАЗАҚ



14
бет

Қасым-Жомарт Тоқаев:

ҚАҚТЫҒЫСТЫҢ БІЗ ҮШІН ТҮСІНІКСІЗ ТҰСТАРЫ КӨП

Қасым-Жомарт Тоқаев Омбыда ХХІІ өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті. Онда Қазақстан Президенті Ресей мен Украина арасындағы қақтығысты реттеу мәселесіне қатысты өз ұстанымын айтты.

— Өзіңізге мәлім, мен әуел бастан мұның мемлекетаралық қақтығыс екенін айтқанмын. Бұл қандай да бір азаматтық соғыс емес. Біз украин халқына, оның мәдениеті мен тіліне әрдайым құрметпен қараймыз. Аталған қақтығыстың көпшілік үшін, соның ішінде біз үшін түсініксіз тұстары көп. Білуімше, сіз Аляскадағы Анкориджде өткен кездесуде дипломатиялық тұрғыдан барынша икемділік таныттыңыз. Осы орайда өз пікірімді білдіргім келеді. Өйткені маған да өтініштер айтылады. Меніңше, қақтығысты уақытша тоқтатып, 2.0. Ыстамбұл формуласына оралған дұрыс. Себебі аталған



келіссөз барысында айтарлықтай нәтижеге қол жеткізілген еді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы алпауыт елдердің, соның ішінде Ресейдің кепілдігі арқылы көптен күткен бейбітшілікке қадам басуға болатынын атап өтті.

— Қазақстан бұл мәселеде сырт қалатын ел емес. Алайда қаншама мәрте ұсыныстар мен үндеулер

айтылғанына қарамастан, мен бұл қақтығыста арағайын болудан үзілді-кесілді бас тартамын. Өйткені Ресей — ұлы ел, ал орыс халқы — ұлы халық. Күн тәртібіндегі барлық мәселені делдалсыз-ақ шеше алады. Алайда бүгін өз пікірімді білдіруді жөн көрдім. Себебі адамдар менің Омбыға жоспарлы сапарымнан, Сізбен кездесуімнен хабардар. Тығырықтан қалай шығу

керек екенін ешкім білмейді. Қос тараптың өз ұстанымы бар. Әйтсе де, осы алауыздықты уақытша доғаруға болады. Бұл — сынақтан өткен халықаралық тәжірибе, амал. Өкінішке қарай, өрімдей жастар құрбан болып жатыр. Олар — бауырлас Ресей мен Украина халықтарының келешегі. Сондықтан мұның бәрін тоқтату керек. Өйткені, менің ойымша, қазіргі болып жатқан жағдай Ресей және Украина мемлекеттерінің дұшпандарына ғана тиімді, — деді Қазақстан Президенті.

Тоқаев сөзін қорыта келе, еліміз Ресеймен стратегиялық серіктестікті және одақтастық қатынастарды дамытуға бейіл екенін растады.

— Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасындағы ұстанымына келер болсақ, біз Ресейді әрдайым ұлы мемлекет деп санаймыз. Бұған еш күмәніңіз болмасын. Мен бұл туралы барлық халықаралық форумдарда айтып жүрмін. Біз қанша қиын болса да, Ресеймен стратегиялық серіктестікті және одақтастық қатынастарды дамытуға бейілміз. Бүгінгі форум — соның айғағы, — деді Мемлекет басшысы.

АСТАНАДА ҚАЙТЫС БОЛҒАН ДОНОРДЫҢ ЖҮРЕГІН ТРАНСПЛАНТТАУ СӘТТІ ӨТТІ



Астанада қайтыс болған донордың жүрегін 59 жастағы науқасқа транспланттау отасы сәтті жасалды. Жүрек ауыстыруды ұзақ күткен пациенттің өмірін сақтап қалуға соның арқасында мүмкіндік туды.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 14 шілдеден 15 шілдеге қараған түні Астананың көпбейінді медицина орталығында әлеуетті донор анықталған. Марқұмның туыстары ағза донорлығына келісім бергеннен кейін Транспланттау және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді үйлестіру жөніндегі республикалық орталық донорлық үдерісті ұйымдастырды.

— Операцияны УМС трансплантологтары жасады. Жүрек 1966 жылы туған пациентке сәтті салынды. Қазіргі таңда науқастың жағдайы операциядан кейінгі кезеңге сәйкес тұрақты, — делінген министрлік хабарламасында.

Аталған ведомство өкілдері донордың отбасына қабылдаған ізгі шешімі үшін алғыс айтып, донорлық үдерістің сәтті өтуіне үлес қосқан трансплантологтарға, донорлық аурухананың дәрігерлеріне, санитариялық авиация қызметкерлеріне және барлық медицина мамандарына ризашылығын білдірді.

Министрліктің мәліметінше, бүгінде Қазақстанда өмірлік маңызды ағзаларды трансплантациялауды 4 739 адам, оның ішінде 125 бала күтіп отыр. Қазір 4 208 науқасқа бүйрек, 293 адамға бауыр, 208 адамға жүрек, 30 адамға өкпе және 5 адамға жүрек-өкпе кешенін транспланттау қажет.

МАҢҒЫСТАУДЫҢ ЖАРТАСТЫ МЕШІТТЕРІ ЮНЕСКО ТІЗІМІНЕ ЕНДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен әрі тікелей қолдауымен Маңғыстаудың жартасты мешіттері (Бекет ата, Шопан ата, Қараман ата, Шақпақ ата, Сұлтан Үпі) ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізілді.

Бұл туралы ҚР Президенті әкімшілігі басшысының орынбасары Ерлан Қарин өзінің телеграм арнасында жазды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен әрі тікелей қолдауымен Маңғыстаудың жартасты мешіттері (Бекет ата, Шопан ата, Қараман ата, Шақпақ ата, Сұлтан Үпі) ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізілді. Бүгін (25.07.2026 жыл — ред.) Корея Республикасының Пусан қаласында өтіп жатқан Дүниежүзілік мұралар комитетінің 48-ші сессиясында осындай оң шешім қабылданды.

Бұл — Қазақстан тарихындағы айтулы оқиға. Өйткені, төл мәдени мұрамыз ЮНЕСКО-ның беделді тізіміне соңғы рет 22 жыл бұрын, яғни 2004 жылы қосылған болатын (2003 жылы — Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, 2004 жылы — Танбалы петроглифтері). Кейінгі



жылдары ғана Президенттің бастамасымен бұл бағыттағы жұмыс қайта жанданып, жаңа деңгейге көтерілді, — деді Ерлан Қарин.

Айта кетсек, Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың Атырауда өткен үшінші отырысында Маңғыстаудың жартасты мешіттерін ЮНЕСКО мұралары тізіміне қосу жұмыстарын бастауды тапсырған еді.

— ЮНЕСКО тізімінен лайықты орын алу — біз үшін зор мақтаныш. Әрі бұл — үлкен жауапкершілік жүктейтін тарихи жетістік.

Комитеттің 48-ші сессиясында сөйлеген сөзінде атап өткенімдей, Маңғыстаудың жартасты мешіттері тек құлшылық жасайтын

мекен ғана емес, өз заманында білім мен ағартудың өзіндік орталықтары болды. Бұл жартастарда халқымыздың тарихи жады, ата-бабаларымыздың аманаты сақталған. Осылайша, ЮНЕСКО аталған нысандарды көпғасырлық рухани, мәдени, архитектуралық дәстүрлердің озық үлгісі ретінде мойындады, — деді ол.

Тарихи нысандардың ЮНЕСКО тізіміне енуі әлем назарын кезекті рет Қазақстанға аудартып, отандық туризмге соны серпін әкеледі. Әрі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жол ашады.

— Бұл — үлкен жұмыстың басы ғана. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың Атырауда, Түркістанда, Қызылордада өткен отырыстарында ЮНЕСКО тізімдеріне ұлттық номинацияларды қосу ісін жан-жақты жандандыруды тапсырған еді. Дәлірек айтсақ, алдымызда таза ағаштан салынған Жаркент мешіті мен Алматыдағы Вознесенск кафедралды шіркеуін, Қаратау петроглифтерін, хәкім Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО тізімдеріне енгізу міндеті тұр. Біздің ендігі күш-жігеріміз осыған бағытталады, — деді Ерлан Қарин.

«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ АСТАНАНЫҢ КӘСІПКЕР ӘЙЕЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясының төрағасы Дания Еспаева елордалық кәсіпкер әйелдермен жүздесті. Партияның Астана қалалық филиалы ұйымдастырған шараға туризм, мейрамхана бизнесі, өндіріс, білім беру, сауда мен қызмет көрсету салаларындағы шағын және орта бизнестің 90-нан астам өкілі қатысты.

Кездесу барысында партия басшысы Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауына арналған сайлауалды бағдарламаны таныстырып, әйелдер мен әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін сөз етті. Сондай-ақ салық заңнамасына қатысты партияның ұстанымына ерекше тоқталды.

Жиынның басым бөлігі еркін диалог форматында өтті. Кәсіпкерлер жоғары білім сапасы мен кадр тапшылығын, тауарларды таңбалаудағы артық бюрократияны және бизнеске түсетін салық жүктемесін көтерді. Дания Еспаева Құрылтай жұмысы басталғанда бұл мәселелер толық сараланып, әр бағыт бойынша бөлек кездесулер ұйымдастырылатынын атап өтті.



Сондай-ақ «Ақ жолдың» әйелдер қанаты бұл бағытты барлық өңірде жүйелі түрде дамытуға әрі қордаланған түйткілдерді шешуге ниетті екені айтылды.

«Әйелдер өз бизнесін кеңейтуі тиіс — бұл ұлттық идеяға айналуы қажет», — деді Дания Еспаева.

Жиын соңында партия төрағасы «Ақ жол» қатарына жаңадан өткен азаматшаларға партиялық билеттерді салтанатты түрде табыстап, қатысушыларды 23 тамызда өтетін сайлауда белсенді дауыс беруге шақырды.

Өзгерістер қажет!

«Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қызметі

«Ақ жол» партиясы сайлауалды штабының есеп-шотынан төленді

Тәуелсіз Қазақстан спортының өткеніне көз жүгіртсек, бүгінгі жағдайға қандай жолмен жүріп жеткенін аңғарамыз. Егемендігін енді ғана алып, ары қарай қалай болып кететінін біліңкіремей тұрған кезеңде ешкімге де оңай болған жоқ. Жас мемлекет сондай қиын жолдан өте білді. Сөйтіп жүріп, басқалармен бірге спортымыз да жетілді. Бүгінде оны дамып жатыр деп айтуға әбден болады.

Сол спорттың өткені қалай болып еді? Бүгінгі жайы не болып жатыр? Болашағынан қандай үміт бар? Белгілі боксшы, Сидней олимпиадасының чемпионы, «Алматы олимпиадалық даярлау орталығы» РМКК директорының орынбасары Ермахан Ибраимовпен осы сауалдар төңірегінде сұхбат құрдық.

Өткен күндер белгісі

— Биыл тәуелсіздік алғанымызға 35 жыл болып жатыр. Өзіңіз спортты сол тоқсаныншы жылдары бастадыңыз. Енді айтыңызшы, осы кезеңде еліміздің спорты қаншалықты дамыды?

— Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары қай сала үшін де оңай болмағаны белгілі. Соның ішінде еліміздің спорты да өте ауыр жолдан өтті. Артта қалған осы 35 жылда Қазақстанды әлемге танытқан Олимпиада чемпиондары, әлем және Азия чемпиондары шықты. Қазақ спортшылары халықаралық ареналарда еліміздің туын талай мәрте биікке көтеріп, әнұранымызды шықратты.

Атап айтар болсақ, 1996 жылы АҚШ-тың Атланта қаласында өткен Жазғы Олимпиадаға алғаш рет егемен елдің спортшылары ретінде қатысып, 11 медаль жеңіп алдық. Олардың үшеуі алтын, төртеуі күміс, тағы төртеуі қола. Алтын Александр Парыгинге (заманауи бексәйіс), Василий Жиров (бокс) пен Юрий Мельниченкоға (грек-рим күресі), екі күміс Сергей Беляевке (оқ ату), тағы екі күміс Болат Жұмәділов (бокс) пен Анатолий Храпатыйға (ауыр атлетика) бұйырса, Мәулен Мамыров (еркін күрес), Владимир Вохмянин (тапан-шамен ату), Болат Ниязымбетов (бокс) және мен — төртеуіміз қоланы иелендік.

Одан бұрын, 1994 жылы Лиллехаммерде өткен Қысқы Олимпиадада шаңғышы Владимир Смирновтың тәуелсіз Қазақстан үшін тұңғыш әрі жалғыз алтынды жеңіп алғанын айта кеткен жөн. Сол кезде Смирновтың бір өзі тағы екі күміс жүлдеге ие болды. Мен кейін 2000 жылғы Сидней Олимпиадасында чемпион атандым.

Біз осылайша көтеріле бастадық. Мемлекет спорт инфрақұрылымын дамытуға күш салды. Жаңадан спорт кешендері салынды. Балалар мен жасөспірімдер спортына көңіл бөлініп, олар жарыстарға көптеп тартыла бастады. Біліктің бұл салаға көрсететін қолдауы осы күнге дейін артпаса, еш кеміген емес.

Әрине, кез келген сала сияқты спортта да күрделі мәселелер туындап тұрады. Бірақ ең бастысы — оның дамуы тоқтап қалған жоқ. Бүгінде Қазақстанның аға буын спортшылары жаңа буын спортшыларын тәрбиелеп жатыр. Осылайша еліміз осы салада әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуға ұмтылуда. Өз басым Қазақстан спортының алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындыра беретініне сенемін.

Қазіргі кезең

— Қазақстан спортының қазіргі жай-күйі қандай?

— Бізде олимпиадалық спорт түрлеріне де, ұлттық спортқа да қолдау күшейіп жатыр. Әрине, алда атқаратын жұмыс әлі де көп. Резерв даярлау ісін ары қарай жетілдіру, бапкерлердің біліктілігін арттыру, сонымен қатар, спорт ғылымын дамыту керек. Ал осы тұрғыдан келгенде, қазіргі бағыт өте дұрыс деп ойлаймын. Мемлекет, спортшылар мен спорт мамандары бірлесіп жұмыс істеуін жалғастыра берсе, елімізде осы саланың бұдан да жоғары жетістіктерге жететіні хақ.

— Өзіңіз жетістікке жеткен бокс қазір елімізде спорттың ең мықты саласының бірі саналады емес пе?

— Иә, дұрыс айтасыз. Бокс — Қазақстанда ең табысты әрі дәстүрі қалыптастырылып, өз бағытын айқындаған спорт түрлерінің бірі.



Ермахан ИБРАИМОВ, Сидней олимпиадасының чемпионы, «Алматы олимпиадалық даярлау орталығы» РМКК директорының орынбасары:

БІЗДІҢ СПОРТ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОЛДАУЫ АРҚЫЛЫ ӘЛІ ТАЛАЙ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ

Қазақстан тәуелсіздігін алғалы бері қазақ арасында бұл спорттан Олимпиада, әлем және Азия чемпиондары көптеп шықты. Қазір қазақ боксының әлем бойынша өзіндік орны мен беделі бар екені баршаға аян.

Бұл — спортшыларымыз бен бапкерлеріміздің және бүкіл спорт жүйесінің бірлесіп жасаған жәниқары әрі адал еңбегінің жемісі. Бокста қазіргі уақытта да талантты жастар шығып жатыр. Олардың әлеуеті тіпті жоғары деуге болады. Енді соларға дұрыс бағыт-бағдар беріп, жарыстарға мықты дайындықпен баруына жағдай тудыру қажет.

Одан кейін бокс дегеніңіз өте жоғары бәсекені көрсететін спорт түрі ғой. Бұл жерде жетістікке жету үшін толассыз еңбек пен қатаң тәртіп керек. Кәсіби шеберліктің қажеттігі өз алдына. Осы қағидалар үнемі жадымызда жүрсе, біздің бокстың болашақта



Суретте: Ермахан Ибраимовтың 2000 жылғы Сидней Олимпиадасында чемпион атанған кезі

да әлемдік аренада алдыңғы қатарлы спорт түрлерінің бірі ретінде көріне берері хақ.

— Бізде күрес те сондай болып тұр...

— Иә. Бірақ бұл боксқа немесе күреске ғана басымдық беріп отырамыз деген сөз емес. Спорттың барлық түріне бірдей деңгейде қарауымыз керек. Мұндайда жан-жақты болған абзал. Сонда ғана биік нәтижелерге қол жеткізуге болады. Мысалы, биыл 6-22 ақпан аралығында Италияда өткен Қысқы Олимпиадада Михаил Шайдоровтың ерлер арасындағы жеке мәнерлеп сырғанаудан чемпион атанғанын білесіздер. Енді біздің спорттың әлі де жан-жақты дами беретіні анық.

Олимпиадаға дайындық

— Олимпиада демекші, сіз бүгінде Олимпиадалық даярлау орталығы директорының орынбасары қызметін атқарып отырсыз. Сондықтан мынадай сұрақ туындап тұр: Спортшыларды Олимпиадаға қалай іріктеп, қалай дайындайды?

— Олимпиадаға дайындық — ұзақ мерзімді және жүйелі түрде жүргізілетін жұмыс. Оның әрі өте жауапты жұмыс екені өз алдына. Спортшылар Олимпиадаға ең алдымен халықаралық және республикалық жарыстардағы нәтижелеріне қарай іріктеледі. Олардың қаншалықты шыныққаны, әлеуеті, психологиялық дайындығы қай деңгейде деген мәселелер, жалпы, барлық жағдайы жан-жақты тексеріледі.

Содан сүрінбей өткен спортшылар олимпиадалық резерв құрамына кіреді. Сосын олар үшін арнайы оқу-жаттығу жиындары өткізіледі. Оған мықты жаттықтырушылармен бірге массажшылар, психологтар, ғылыми-әдістемелік мамандар тартылады. Дайындық кезеңіндегі жаттығу бүгінгі күннің талабына сай етіп ұйымдастырылған. Онда әр спортшыға жеке бағдарлама әзірленген.

Орталықтың басты мақсаты — әр спортшының Олимпиадаға жоғары дайындықпен баруын қамтамасыз ету. Ол — тұтас команда болып атқаратын жұмыс. Білік тарапынан да жан-жақты қолдау көрсетіліп жатыр. Осындай үлкен дайындықтан кейін Олимпиадаларда жоғары жетістіктерге жетуге мол мүмкіндік туады.

— Ал 2028 жылы АҚШ-тың Лос-Анжелес қаласында өтеді делінген кезекті Жазғы Олимпиадаға дайындық қалай жүріп жатыр? Енді қалған екі жыл тез-ақ өте шығады ғой...

— Иә, уақыт өте тез өтетіні рас. Сондықтан Лос-Анжелес Олимпиадасына әзірлік қазірдің өзінде қызу жүргізіліп жатыр. Олимпиада бір-екі ай дайындалып бара салатын жарыс емес. Бұл бірнеше жыл бойы жүйелі еңбектенуді қажет етеді.

Қазір біздің спортшылар халықаралық жарыстарға қатысып, рейтингтік ұпай жинап, лицензиялық турнирлерге дайындалуда. Сондай-ақ оқу-жаттығу жиындары өткізіліп, әр спорт бойынша дайындық жоспарлары

кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр.

Біз Олимпиадаға ең мықты әрі бәсекеге төтеп бере алатын құраманы апаруды басты мақсат етіп отырмыз. Жас және тәжірибелі спортшылар бір-бірімен керемет үйлесімде болады деп санаймыз. Сол үшін де мамандардың бәрі жабылып, уақыт оздырмай жұмыс істеуде. «Жабыла көтерген жүк жеңіл» демекші, осындай қыруар еңбектен кейін Қазақстан құрамасы Лос-Анжелес Олимпиадасында лайықты нәтиже көрсетеді деп сенеміз.

Болашақтан үміт мол

— Енді ел спортының болашағы қандай болады деп ойлайсыз?

— Мен өзім Қазақстан спортының болашағына үлкен сеніммен қараймын. Қазір елімізде талантты жастар өте көптеп саналады. Оларды ерте жастан анықтап, сапалы дайындық жүйесін одан әрі де жетілдіре берсек, халықаралық додалардағы жетістіктеріміз арта түсетіні анық.

Мемлекеттің спортқа жан-жақты қолдау көрсетіп келе жатқанын жоғарыда айттым. Жаңа спорт нысандары салынып, бұқаралық спортты дамытуға, балалар мен жасөспірімдер спортына айрықша көңіл бөлініп отыр. Бұл жағдай бізді болашақ жетістіктерге жетелейді. Қазақ спорты әлі талай жеңіске жетуге тиіс.

Бұл жерде ең бастысы — сабақтастықты сақтау деп ойлаймын. Тәжірибелі мамандардың білімі мен білігін жас буынның бойына дарытып, ғылым мен заманауи әдістемелерді тиімді пайдалана білсек, Қазақстанның спорты әлдеқайда жаңа деңгейге көтеріле алады. Мен жақын болашақта қазақ спортшылары әлемдік ареналарда бүгінгіден зор жетістіктерге жетіп, көк байрағымызды талай мәрте биікте желбірететініне сенгім келеді.

— Спортты одан әрі дамытуға қатысты қандай ойларыңыз бар?

— Кәсіби спорттың бұқаралық спорттан бастау алатыны айтылып жүр ғой. Менің де ойым сонымен мағыналас. Жоғарыда айтқанымдай, баланы спортқа ерте жастан бастап баулу керек. Оның шынығуына қолайлы жағдай жасап, ауыл-аймақтағы спорт мектептерінің материалдық-техникалық базасын одан әрі жетілдіре берген жөн.

Сонымен қатар бапкерлердің біліктілігін арттыруға, спорт ғылымын дамытуға, осы заманның әдістемелері мен дәрігер көмегін кеңінен қолдануға басымдық берген абзал. Мықты спортшыларды іріктеу және оларды үздіксіз қолдау ісі де тұрақты жетілдіріліп отыруға тиіс.

Жалпы, спортты тек барып, медаль алатын жарыс ретінде ғана емес, ұлт саулығы мен ел болашағына салынған инвестиция ретінде қарастырған дұрыс болады. Сонда бұқаралық спорт та дамиды, жоғары жетістіктер спорты да жаңа деңгейге көтеріледі.

«Ақ жол» демократиялық партиясы Құрылтай сайлауының үгіт-насихат науқанын ресми түрде Алматының төрінде, Алатаудың өрінде бастады. Салтанатты іс-шараға «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Дания Еспаева, Құрылтай депутаттығына кандидаттар, сондай-ақ жастар қанатының өкілдері мен белсенділері қатысты.

Жиынның басты ерекшелігі – еліміздің барлық өңіріндегі партия филиалдарымен тікелей байланыс орнатқан телекөпір болды. Партия жетекшісі арнайы батырманы басып, республика көлеміндегі саяси науқанға жолдама берді.

«Бұл сайлау – жалпыхалықтық референдумда қабылданған жаңа Конституция негізінде өтіп жатқан аса маңызды саяси оқиға. Жиырма бес жылдық тарихы бар «Ақ жол» партиясы Құрылтай сайлауына нақты өзгерістер әкелу мақсатында қатысады. Біз егемендік пен ұлттық мүддені қорғауды, жемқорлықпен күресіп, заңсыз шығарылған капиталды елге қайтаруды, шағын және орта бизнесті дамытуды, сондай-ақ табиғи байлықты халық игілігіне жаратуды көздейміз. Бағдарламада жас буынды және жас отбасыларды қолдауға ерекше назар аударылған. Біз қолжетімді әлеуметтік баспана құрылысын ұлғайтуды әрі азаматтарды жалғыз баспанасынан айыруға заңнамалық деңгейде толық тыйым салуды талап етеміз! Басты мақсат – әділ сайлау және әрбір қазақстандыққа оң өзгерістерді сезіндіретін кәсіби жұмыс», – деді Д. Еспаева.

Басқосу барысында жастар қанатының көшбасшылары мен үміткерлер де мінберге көтеріліп, сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттарын таныстырды.

Ресми бөлім аяқталғаннан кейін кандидаттар мен белсенділер шаһар орталығына (Бөгенбай батыр және Панфилов көшелерінің қиылысы) барып, алғашқы үгіт-насихат акциясын өткізді. Олар қала тұрғындарымен еркін форматта жүздесіп, ақпараттық материалдар таратты.

«АҚ ЖОЛ» ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ

■ Партиялық та, парламенттік те тарихы бай, аты брендке айналған «Ақ жол» партиясына 25 жыл – ширек ғасыр толады құдай қаласа.

■ «Ақ жол» партиясы елімізде тұңғыш рет 2007 жылы Ұлттық саясат концепциясын қабылдап, ұлттық мүддені қорғап келе жатқан партия!

■ «Ақ жолдың» қос қанаты бар. Ширек ғасырдай ХАЛЫҚТЫ, КӘСІПкерлерді қорғап, Ұлт зиялыларын қолдап келе жатқан жалғыз «Ақ жол» партиясы.

■ ТӘУЕЛсіздік тірегі - Ұлттық мүддені қорғау

■ МЕМЛЕКЕТ ҚАЗАҚ Ұлттық мемлекеттілігін дамытуға жауапты!

■ Алғашқы Азаттық Актысы - Егемендік Декларациясындағы осы талап орындалуы тиіс!



■ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНУЫ ТИІС!

■ ПАРЛАМЕНТТІҢ ТЕРГЕУ ҚҰҚЫ БОЛУЫ ТИІС

■ Әлемдегі жер көлемі жағынан ең үлкен, қуаты жағынан ең күшті және ең ұзақ жасаған алып империя Алтын Орданың нағыз мұрагері – АқОрдалы Қазақ Елі!

МЕМЛЕКЕТ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН ДАМУЫ ТИІС!

«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ АҚ ЖОЛЫН БАСТАДЫ

ӨЗГЕРСІН ДЕСЕҢ БАРЛЫҒЫ – «АҚ ЖОЛДА» ЕЛДІҢ ТАҒДЫРЫ!



«АҚ ЖОЛДЫҢ» ҰСТАНҒАН АҚ ЖОЛЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АЙТАРЫ АЙҚЫН ҰРАНСӨЗДЕР:

- | | |
|---|---|
| 1. Алланың хақ жолы - Алаштың «Ақ жолы» | «Ақ жолда» болсын сенімің. |
| 2. Бір болсын десең сөз бен іс - Жасайды «Ақ жол» өзгеріс! | 8. «Ақ жолды» қолдап бәріміз, Орындалсын заңымыз! |
| 3. Өзгерсін десең барлығы – «ақ жолда» елдің тағдыры! | 9. Жемқорлық десең жойылсын- «Ақ жолға» белгі қойылсын! |
| 4. Ұлттық мүддені қорғау – «Ақ жолды» қолдау! | 10. Төрлесін десең тіліміз- «Ақ жолға» бүгін кіріңіз! |
| 5. Өзгерсін десең салық, «Ақ жолды» қолда халық. | 11. Өрлесін десең өнерің, «Ақ жолды» дәйім демегін! |
| 6. «Ақ жолды» қолда, дамысын десең кәсібің, Артады сонда нәсібің. | 12. Мәдениет болар мәнді- «Ақ жолды» қолда мәңгі. |
| 7. Көбейсін десең өнімің, | 13. Гүлденсін десең ауылың, «Ақ жолды» қолда, бауырым! |



■ Үкіметтің құрамында парламенттік партиялар болуы керек. Сонда ғана Үкімет бір ғана билік партиясының сенімі емес, Ұлттық Сенімге ие болады.

■ Парламенттің бақылау функцияларын кеңейтіп, парламенттік тергеу жүргізу құқықтарын беру қажет.

■ Демократиялық елдерде бюджеттік бақылауды парламенттік оппозиция өкілдері басқарады. Ол өте дұрыс – сайлауда жеңіске жеткен партия бюджетті бөледі, іске асырады, бірақ қарсыластары қадағалап отырады.

■ Азаматтық алу үшін Мемлекеттік тілден емтихан тапсыруды елімізде тұңғыш рет «Ақ жол» партиясы талай рет көтеріп, ақыры 2024 жылы заңға енгіздік.

■ Бұл заң бойынша Мемлекеттік тілден емтихан тапсыру этникалық қазақтарға қолданылмайды. Бұл заңды Парламент қабылдап, Президент қол қойды! Үкімет бүйректен сирақ шығармай, осы заңды басшылыққа алуы тиіс! Қандастардың көші-қон қарқынын күшейтуіміз керек!

■ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ – ҚАЗАҚ ЕЛІ ҮШІН ҚАСТЕРЛІ КҮН БОЛУЫ КЕРЕК!

Тәуелсіздікті алу қандай қиын болса, сақтап қалу одан да қиын. Ал қай ел болса да, Тәуелсіздіктен артық ешнәрсе жоқ!

Тәуелсіз Елдің тағдыры Сіз бен біздің қолымызда!

Сөз бен істің бірлігін көрсетіп, халықтың мүддесін қорғап, қос қанатымен биікте самғап келе жатқан «Ақ жолға» әрқашан Ақ жол тілейміз!

«Ақ жолдың» ақбоз тұлпары аламанда алда келіп, Жеңіске жете берейік!

Алла жар болсын!

Ақ жол!

Қазыбек ИСА, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, Құрылтай депутаттығына кандидат

«Ақ жол» партиясы сайлауалды штабының есеп-шотынан төленді



ӨЗГЕРІСТЕР ҚАЖЕТ! ПЕРЕМЕНИ НЕИЗБЕЖНЫ!

СЕНІҢ ДАУЫСЫҢ
СЕНІҢ ТАҢДАУЫҢ



ТВОЙ ГОЛОС
ТВОЙ ВЫБОР

САЙЛАУ
ВЫБОРЫ



23 тамыз
августа

«АЛТЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ – №6!»

Құрылтай сайлауында «Ақ жол» партиясының жеребе бойынша реттік нөмірі - 6 (алты) саны.
«Алты Алаш» Ел бірлігін білдіретін қасиетті ұғым. 6 санының қазақ халқы үшін мән-мағынасы зор!

«Алты Алаштың Ақ жолы – №6!»

Алты Алашқа ортақ таңдау – №6!

«Алты Алаштың сенімі – «Ақ жолдың» 6 (алты) нөмірі!

Алты Алаштың арманы – Әділетті Қазақстан! №6

Алты Алаш - Елдің ырысы – «Ақ жолды» таңдау дұрысы!

Алты Алаштың аманаты – №6!



ӨЗГЕРІСТЕР «АҚЖОЛДАН» БАСТАЛАДЫ! ПЕРЕМЕНИ НАЧИНАЮТСЯ С «АҚЖОЛ»!

СЕНІҢ ДАУЫСЫҢ
СЕНІҢ ТАҢДАУЫҢ



ТВОЙ ГОЛОС
ТВОЙ ВЫБОР

САЙЛАУ
ВЫБОРЫ



23 тамыз
августа

АТҚАРҒАН ЖӘНЕ АТҚАРАР ІСІ МОЛ «АҚ ЖОЛДЫ» ҚОЛДАҢЫЗДАР, АҒАЙЫН!

«Ақ жол» демократиялық партиясы Құрылтай сайлауына дейінгі үгіт-насихат жұмыстарын еліміз бойынша белсенді түрде атқаруда. Партия өкілдері еліміздің түрлі аймақтарында сайлаушылармен жүздесіп, үгіт-насихат материалдарын таратып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Осылайша, партияның сайлауалды бағдарламасы таныстырылып жатыр. Ал біз соған байланысты шолуымызды «Ақ жолдың» бұрынғы фракциясы атқарған нәтижелі істердің кейбіріне тоқталудан бастағанды жөн көрдік.



«Ақ жол» фракциясы
атқарған істер

Парламент Мәжілісінің VIII шақырылымындағы «Ақ жол» фракциясы өте белсенді әрекет етті дей аламыз. Депутаттық сауалды қарша боратты. Көбі кәсіпкерлік пен отандық өндірісті қолдау, тұтынушылардың мүддесін қорғау бағытында. Соңғы кездегілерін ғана мысалға келтірсек, «Ақ жол» партиясының сол кездегі төрағасы Азат Перуашев еңбеккерлерге төлеу қорына қатысты жеңілдікті арнаулы салық режиміндегі (АСР) барлық шағын және орта бизнеске қолдану жөнінде, отандық вагон жасаушылардың мүддесін қорғауға қатысты, «Ақ жол» фракциясының мүшесі Олжас Нұралдинов мобилді телефон абоненттерін жасырын қызмет пен ашық емес тарификациядан қорғау туралы депутаттық сауалдар жолдады. Жалпы, аталған фракцияның осы бағыттардағы талаптары көп болды.

Ұлттық мүддені, мемлекеттік тіл мен қандастарды қорғау жайы өз алдына бір бөлек. Азаматтық алу үшін мемлекеттік тілден емтихан тапсыруды сол кездегі депутат Азат Перуашев екі рет, Қазыбек Иса үш рет депутаттық сауал жасап жүріп, ақыры 2024 жылы Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Иса өзі ұсынып, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңға енгізген. Бұл норма сол заңның 17-бабының 14-тармақшасында қарастырылады. Сонымен қатар онда «Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін, сондай-ақ Қазақстан тарихын білмесе, оның өтінішхаты қабылданбайды» делінген. Алайда осы талаптардың кей санаттағы адамдарға, соның ішінде этностық қазақтарға қолданылмайды деген жерін құзырлы органдар ескермей, Ата заңымыз бен тарихымыздан хабары жоқ қандастарға азаматтық бермей келген. Бұны Қазыбек Иса биылғы мамырда Алматыда өткен «Қандастарға қамқорлық» атты кеңейтілген кездесуде жетер жеріне дейін жеткізіп айтты. Оның сонда сөйлеген сөзі «Қазақ үні» газетіне (8.06.2026 ж.) «Қазақ көшіне қарсы тосқауыл қашан тоқтайды?!» деген тақырыппен жарияланды. Бұл бағыттағы іс-әрекет әлі де жалғасын таппақ.

Жалпы, «Ақ жол» фракциясының өз талаптарын орындатқан кезі аз болған жоқ. Сондай мәселенің бірі ресми кәсіпорын ішіндегі лауазымдық міндеттердің бөлінісін ұйымдасқан қылмыстық топтың (ҰҚТ) белгісі ретінде қарастыруға тыйым салу бастамасы болды. Құзырлы орындар осындай лауазымдық қызмет бөлінісі үшін ҰҚТ құрды деген айып тағып келген. Бұл айып ауыр санатқа жататындықтан, басшы мен оның қызметкерлері бірден қамауға алынатын. Адвокаттардың мәліметінше, мұндай айыптаулар табысты кәсіпкерлерге қарсы рейдерлік және қарапайым бопсалау

мақсатында жиі пайдаланылған. «Ақ жол» фракциясы 2023 жылы осы норманы заңсыз деп танып, Қылмыстық кодекске түзету енгізуді ұсынды. Осы ұсыныс бойынша заңнамаға түзету 2025 жылғы маусым айында қабылданып, қыркүйектен бастап күшіне енді. 1 шілдеде Конституциялық сот та ресми бизнестегі лауазымдық міндеттерді бөлуді ғана негізге ала отырып, ҰҚТ құрды деп айып тағуды заңсыз деп таныды. Бұны «Ақ жол» фракциясының көптеген жеңістерінің біріне жатқызуға болады.

Сайлаушылармен кездесу

Ал енді «Ақ жол» партиясының алдағы Құрылтай сайлауы қарсаңында жүргізіп жатқан үгіт-насихат жұмыстарына келейік.

Партияның Республикалық штабының мүшелері төраға Дания Еспаеваның бастауымен сайлаушылармен кездесіп, сайлауалды бағдарламасын таныстырды.

Жиында спикерлер елдегі өзгерістердің бағыты дұрыстығына тоқталып, мемлекет дамуының негізі – ұлттық мүддені қорғау екенін баса айтты. Жемқорлық, бюрократия және монополияны жоюдың басты құралы ретінде шынайы демократия, биліктің есептілігі мен құқықтық мәдениет аталды. «Ақ жол» әлеуметтік бағытта сапалы білім, медицина, қолжетімді баспана және жұмыс орындарын ашу арқылы кедейлікті толық жоюды көздейді. Экономикалық блок шағын және орта бизнесті қолдауға негізделсе, сыртқы саясат ел мүддесін прагматикалық тұрғыда қорғауға бағытталуы тиіс.

«Ақ жол» тек бірлескен күш-жігермен ғана қуатты әрі әділетті Қазақстанды құруға болатынына сенім білдіріп, азаматтармен ашық диалогты жалғастыра береді.

Отандық өндірісті дамыту және кәсіпкерлікті қолдау

Аймақтардағы ажолдықтар да түрлі іс-шаралар өткізіп жатыр. Соның бірі – «Ақ жол» демократиялық партиясы Алматы облыстық филиалы үгіт-насихат тобының осы өңірдегі Іле ауданында орналасқан «BTK GROUP» ЖШС еңбеккерлерімен кездесуі.

Оған «Ақ жол» партиясы Алматы облыстық филиалының төрағасы Мейраш Шынаилова, облыстық филиал төрағасының орынбасары Абзалбек Сағымбекұлы, Іле аудандық мәслихатының депутаты Олжас Ботабеков, облыстық кеңес мүшесі Ендік Ерғалиева, партия белсенділері Айнаш Иманғалиев пен Дулат Бармашиков қатысты.

Кездесуде партия өкілдері «Ақ жолдың» кәсіпкерлікті қолдау, отандық өндірісті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу, еңбеккерлердің құқықтарын қорғау және өңір экономикасын нығайтуға бағытталған бастамалары жөнінде баяндалды.

«BTK GROUP» ЖШС 1999 жылы құрылып, аталған ауданда жер қойнауын пайдаланушы ретінде тіркелген. Компания алғашқы кезеңде жылына 5 миллион дана М-150 маркалы қызыл күйдірілген кірпіш өндіруге маманданған.

2016 жылдан бастап кәсіпорын өндіріс көлемін кеңейтіп, «Даму» кәсіпкерлікті



ҚР Парламенті Мәжілісінің VIII шақырылымындағы
«Ақ жол» фракциясының депутаттары



дамыту қорының қолдауымен жылына 120-180 мың текше метр автоклавты газоблок шығаратын жана өндіріс желісін іске қосты. Сонымен қатар темір-бетон жабын плиталарын өндіретін қосымша өндіріс іске қосылды.

Халықтың өмір сүру сапасын арттыру

Ал Шығыс Қазақстан облыстық сайлауалды штабының мүшелері Өскемен қаласындағы «Өскемен Водоканал» мекемесінің еңбек ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында штаб мүшелері Шынар Боранғалиева мен Ерлан Сабыров партияның 2026-2031 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтарын таныстырды. Атап айтқанда, кәсіпкерлікті қолдау, әділ әрі бәсекелі экономиканы қалыптастыру, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру және азаматтардың оны басқаруға қатысу мүмкіндігін кеңейту бағытындағы бастамалар түсіндірілді.

Кездесуде сөз алған штаб мүшесі Шынар Боранғалиева партия бағдарламасының басты мақсаты халықтың өмір сүру сапасын арттыру, әлеуметтік әділеттілікке негізделген реформаларды жүзеге асыру екенін атап өтті.

– Біздің басты міндетіміз – сайлаушыларға партияның сайлауалды бағдарламасын жан-жақты түсіндіріп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдау. Бағдарлама еңбек адамын қолдауға, коммуналдық қызметтердің сапасын арттыруға, шағын және орта бизнесті дамытуға, сондай-ақ әділ әрі бәсекелі экономиканы қалыптастыруға бағытталған, – деді ол.

Бұқаралық спортты дамыту

«Ақ жол» демократиялық партиясы Атырау облыстық филиалының үгіт-насихат тобы облыстың Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «Спортты дамыту дирекциясы» КММ ұжымымен кездесті.

Бұл дирекция – өңірдегі жоғары жетістіктер спортын дамытуға бағытталған мекеме. Оның құрамында 15-ке жуық спорт түрі бойынша жұмыс жүргізіледі. Мекеме облыс құрамының 40-қа жуық ағартықшысы қызмет атқарып, 1500 спортшысы тұрақты түрде оқу-жаттығумен

қамтылған. Мекеменің негізгі мақсаты – спортшыларды республикалық және халықаралық жарыстарға сапалы даярлап, Атырау облысының спорттық әлеуетін арттыру.

Бұл кездесуде де партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылып, экономиканы дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, әлеуметтік саясат және бұқаралық спортты дамыту мәселелері сөз болды.

Жұмыспен қамту жайы



Ал «Ақ жол» демократиялық партиясы Ұлытау облыстық филиалының төрағасы, Құрылтайға үміткер Әлібек Исин мен облыстық штаб мүшелері Гаухар Менлібаева, Бектілеу Бектұрсынұлы, Акқу Әпен «Еңбек мобильдігі орталығы» КММ Ұлытау облыстық «Мансаптық орталығы» филиалының ұжымымен кездесу өткізді.

Онда еңбек, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті қолдау және әлеуметтік саясатқа қатысты бастамалар кенінен түсіндірілді.

Ұжым өкілдері өздерін толғандырған мәселелер бойынша сұрақтар қойып, ұсыныс-пікірлерін білдірді. Барлық сауалдарға жан жақты жауап беріліп, ашық әрі мазмұнды пікір алмасу өтті.

«Ақ жол» партиясы – әрбір азаматтың үнін еститін, халықтың ұсынысын нақты іске айналдыратын жауапты саяси күш!

Атқарған және атқарар ісі мол «Ақ жолды» қолдаңыздар, ағайын!

Шолу жасаған Оразәлі БАЙМҰРАТ

«Ақ жол» партиясы сайлауалды штабының есеп-шотынан төленді



Дені сау ұрпақ – еліміздің жарқын болашағының кепілі. Әрбір бала – мемлекетіміздің орасан зор байлығы. Сондықтан да ана мен баланы көздің ағы мен қарасындай қорғау күн тәртібінен ешқашан түскен емес.

Баланы бақытқа балағандар

Осы орайда еліміздегі балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бағытында нәтижелі жұмыс жүргізіп келе жатқан Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының еңбегі ұшан-теңіз екенін атап өткен абзал.

Аталмыш орталықтағы неонатология және нәрестелер хирургиясы бөлімі 1959 жылдан бастап ана мен бала принципі бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Әсіресе, бұл бөлімнің дене салмағы өте төмен және экстремалды төмен балаларды күту мен емдеуде үлкен тәжірибесі бар екенін атап көрсетуіміз қажет.

2003 жылдан бастап неонатология және нәрестелер хирургиясы бөлімі Алматы қаласы мен республиканың әр түрлі аймақтарынан туа біткен даму кемістіктері мен хирургиялық патологиясы бар жана туған нәрестелерге медициналық көмек көрсетіп келеді. Атап айтқанда, жана туған нәрестелердің осы контингентіне өңеш атрезиясы, диафрагмалды жарықтар, ішек бітелісі, аноректалды даму ақаулары, гастрошизис, омфалоцеле, сегізкөз-құйымшақ аймағы тератомаларына ота жасап, кішкентай науқастардың оңалып, адам қатарына қосылуына мұрындық болып келеді.


Сонымен қатар, туа біткен даму ақауларға күрделі реконструктивті-пластикалық операциялар жүргізіп, олардың әрбірінің сауығып кетуіне ықпал етіп келеді.

Осы орайда дүние есігін енді ғана ашқан кішкентай нәрестелердің дертіне шипа беріп, еміне саулық іздеген олардың әрбірін қанатының астына алып, қамқорлық танытып жүрген Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының нәрестелерге арналған анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінің еңбегі ерен. Аталмыш бөлімше 6 төсек орынымен жабдықталған. Республикамыздың әрбір аймағынан нәрестелер мен шала туған балаларға мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге бейімделген бөлімшеге науқастар көп келеді. Бұл бөлімшеде ауыр туа біткен ақаулары, хирургиялық және соматикалық аурулары бар нәрестелер, соның ішінде өкпе қабынуы (пневмония), гипоксиялық-ишемиялық энцефалопатия, тұқым қуалайтын ақуыз алмасуының бұзылуы және басқа да күрделі аурулары бар нәрестелер ем алып жүр. Шала туған нәрестелерге, соның ішінде салмағы өте төмен және төмен болып туылған нәрестелерді күтуге айрықша назар аударылады. Бөлімшеде емдеу мен диагностиканың халықаралық стандартқа сай заманауи әдістері қолданылуда. Атап айтқанда, олар — эндоскопиялық операциялар, шала туған нәрестелер ретинопатиясы кезіндегі торлы қабықтың лазерлік коагуляциясы.

Осынау жанқиярлық жауапты жұмысты атқаратын ұжым мүшелері кәсіби дағдыларын үнемі жетілдіріп отыратын тәжірибелі, жоғары білікті мамандар болып саалады. Неонаталдық көмек көрсетудің халықаралық стандарттарын негізге ала отырып, ең ауыр науқастарға тәулік бойы сапалы күтім көрсетуді және қолдауды қамтамасыз ететін ақ халатты абзал жандар талай нәрестеге өмір сыйлады. Өйткені олар әр баланы бақытқа балайды.

Өмір үшін күрескен ақ халатты абзал жандар

Кіп-кішкентай нәрестелердің өмірі үшін күресумен күн сайын бетпе-бет келетін Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми



СӘБИ САУЛЫҒЫ – ҰЛТТЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ



орталығындағы әрбір маманның бір күні бір күніне ұқсамайды. Таяуда ғана олар екі ай бойы өздері бар күш-жігерін салып, күтім жасаған сәбиді ауруханадан шығарды. Ол Тайландтан санитариялық авиациямен жеткізілген еді.

Асланның анасы Тайландқа демалуға барған кезде, ойламаған жерден мерзімінен бұрын босанып қалады. Экстремалды төмен салмақта туылған ол ауыр сепсис пен көп ағза жеткіліксіздігін бастан өткерді. Сондықтан да оны жасанды тыныс алу аппаратына қосуға тура келді.

Баласы үшін шырылдаған ананың жанайқайына еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі құлақ асып, Санитариялық авиация борты арқылы нәрестені 14 сағатта елге жеткізген.

11 мамыр күні небәрі 1 ай 18 күнге толған нәресте Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығындағы анестезиология және қарқынды терапия бөлімшесінің нәрестелер реанимациясына келіп түсті. Келе сала дәрігерлердің жігі бақылауында болған оның келген сәттегі жағдайы аса ауыр еді. Баладан шала туылудың белгілері мен соның салдарынан ауыр өкпе қабынуы, мидың гипоксиялық зақымдануы және ішек парезі анықталды. Бұл өз кезегінде сәбидің ана сүтін қорыта алмуына әкеп соқтырды. Сол кезде салмағы небәрі 1300 грамм болған Асланнан жабық ішек перфорациясы (ішектің жыртылуы) анықталды.

Осыдан кейін дәрігерлер консилиумының шұғыл шешімімен орталық хирургтары жедел түрде күрделі ота жасады. Яғни олар ішектегі ақауды жойып, стома шығарды. Отаға Гүлмира Кәукенбаева мен Канат

Әшірбай сынды неонаталды хирургтар және анестезиолог дәрігер Үрістемова Камшат бастаған команда жұмылдырылған. Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы нәрестелер анестезиологиясы, реанимациясы және қарқынды терапия бөлімінің меңгерушісі Гүлбану Бердиярова «сәбиді осылайша аман алып қалдық» деп отыр.

Жанқиярлық еңбек еш кетпеді

Ота сәтті өткенімен орталық қызметкерлері үшін оналту жұмыстарын жүргізу де оңайға соққан жоқ. Дәрігерлер мен



мейіргерлердің ұзақ уақыт және тәулік бойы бақылауын қажет етті. Мұндағы мамандардың кәсіби шеберлігі мен нәрестеге деген мейірімі арқылы істен жақсы нәтиже шыққаны анық. Осы орайда бұл балалар дәрігерлері Нарғыз Нұржанова, Сәбира Қуаныш, Шалқар Ордабаев, Гүлзира Адуова, Баян Досономанова және барша мейірбикелердің орасан зор еңбегінің жемісі екенін атап өтсек артық болмас.

— «Педиатрия орталығына ауыр халде жеткізілген Асланның екі ай ішінде 1200 грамм салмақ қосып, 2500 грамм салмақпен аман-есен үйіне шығарылуы — балапанның ата-анасы үшін ғана емес, біздің ұжым үшін де үлкен қуаныш. Осынышама жанқиярлық еңбегіміз еш кетпеді. Ауыр респираторлық дистресс-синдром мен бронх-өкпе дисплазиясы сынды ауыр диагноздың қойылғанына қарамастан, дәрігерлер баланың өкпесін өздігінен тыныс алуға бейімдеді. Қазіргі таңда сәби тамақтанып, аман-есен өсіп келеді. Ішек қызметі де қалпына келіп жатыр. Үй жағдайында күтім жасалса, одан әрі қауіп жоқ, — дейді баланың емдеуші дәрігері, неонатолог-дәрігер Гүлзира Тұрысханқызы.

Асланның аман-есен ауруханадан шығуы — ондағы мамандардың мінсіз қызметінің, Педиатрия орталығы неонаталдық қызметі командасының күні-түні еткен қажырлы еңбегінің жемісі десе болғандай. Сонымен қатар, бұл — мейіргерлердің қамқорлығы мен бір кішкентай өмір үшін бірігіп күрескен реаниматолог, неонатологтар мен хирургтар және барша мамандардың толағай табысы.

Шынында да мүмкін еместі мүмкін етіп, кіп-кішкентай Асланның аман қалуына барынша жағдай жасаған дәрігерлердің қолдары алтын демеске шара жоқ. Шетелде өмірге келіп, ауыр жағдайда туған елімізге жеткізілген Асланды алда әлі оналту кезеңі күтіп тұр. Десе де, нәресте өз өмірі үшін Педиатрия орталығы дәрігерлерімен бірге күрескендей. Оны үлкендерше қиындыққа қасқайып қарсы тұра білді деуге болады. Осындай кішкентай пациентінің алдағы өміріне жарқын күндер тілеген ақ халатты абзал жандарды мейірімнің иесі десек, әсте де артық айтқандық емес.

Қуаныштан төбесі көкке бір елі жетпей тұрған Асланның анасы Нәзира Әлиева:

— Асламым ауруханадан үйге шығып жатыр. Бұл күнді біз ұзақ күттік. Осы орайда шұғыл түрде көмек қолын созған Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне, Санитариялық авиация бортына айтар алғысым шексіз. Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығындағы Нәрестелер реанимациясына, анестезиология және қарқынды терапия бөлімшесіндегі менің ұлымның өмірі үшін еңбек еткен ақ халатты абзал жандарға ризашылық білдіремін. Еңбектеріңіздің тек қана жемісін көріңіздер! — деп жылы лебізін білдірді.

Сөз соңында бұндай жетістіктерге ана мен баланы қорғау ісін жолға қоя білген, қиын жағдайдағы жандарға шұғыл көмек жасайтын мемлекеттің арқасында қол жеткізіліп жатқанын баса айтқымыз келеді.

Гүлмира БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Биыл құрылғанына 100 жыл толған Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры төңірегінде айтылар сөз көп.

Осындайда академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің бүгінгі сәулетті театр ғимаратының қалай салынғаны жөніндегі қызықты естелігі ойға оралады. Иә, әйгілі қаламгердің айтуынша, аталмыш кәсірлі шаңырақтың ірге көтеруіне атақты артист, Социалистік Еңбек Ері Серке Қожамқұлов тікелей мұрындық болған көрінеді.

— Бұ кісінің халыққа қажетті, әсіресе, ұлттық мүддеге қатысты әлеуметтік істерге қашаннан бері белсене қатысып жүретінін мен ертеден білуші едім, — деп жазады Ғабен. — Үй ішілік аралас-құраласымыз да көп сиремейтін. Бір күні Москвада Сері-аға мені бір қиын жұмысқа салды. Әрі қиын, әрі қисынсыздау да көрінді. Дегенмен, Сері-аға босатар емес.

— Құрылыс жұмысы келер жылы бастала ма деп жүрген жаңа театрымыздың үйін одақтық Госплан алдағы жылдың тізімінен шығарып тастапты. Мені сол Госпланның бастығына жолықтыр! — деді.

Мен СССР Жазушылар одағының хатшысы ретінде кезекті дежурствода Москвада едім. Амал жоқ, Госпланның бастығына жай-күйімді айтып қабылдауын өтіндім. Ұмытпасам, Лившиц деген адам болу керек, қолма-қол қабылдады. Мен Сері-ағанды таныстырдым. Содан кейін мен — тілмаш, сөйлеуші — Сері-аға болды. Сері-аға 1936 жылы Москвада қазақ көркем өнерінің онкүндігі болғанын, онда бізге опера театры, артистер үйі, жатақханалар, мектептер берілгенін айтты. Лившиц қазақ тілінде орыс және дүниежүзілік классиктерден нелер қойылатынын сұрады.

— «Отелло», «Асауға тұсау», «Ревизор», «Мылтықты адам», «Шыңырау түбінде», «Таланттар мен табынушылар»... — деп, Сері-аға шұбырта жөнелді.

Лившиц тізімді аяқтатқан жоқ:

— Токтаңыз, қадірлі Серке Қожамқұлович, мұның ар жағын мен білмей қалып жүрермін. Токтаңыз, рақмет... Қазақ академиялық драма театрының үйі тізімнен шығарып тасталмайды. Алдағы жылы салына бастайды. Қазақстанның басшыларына менен сәлем айта барыңыз, — деді.

Сол салына бастаған театр үйі — бүгінгі Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры. Театрдың салына бастауына республика басшыларының еңбектері бірінші орын алатыны даусыз ғой, мен тек Сері-ағанның әлеуметтік жұмыстарға, әсіресе, өз театрының мұқтажына қатынасқан бір кезеңін атай кеткім келді...

Ал бұл жағдайлардан кейін дереу ірге көтеріп, аса дарынды өнер саңлақтары арқылы даңқы алысқа жайылып, Қазақ елінің абыройын асырған өнер шаңырағын бүгіндері Асанәлі Әшімовсіз немесе Сәбит Оразбаевсіз елестету қиын шығар. Басылымымыздың тұрақты авторы, танымал жазушы Қали Сәрсенбайдың кезекті әңгімесі осынау таланттар туралы өрбиді.

«Сәбит Оразбай», «Асанәлі Әшімұлы».

Сірә, бұл — баспасөзде өткен ғасырдың 60-жылдары басталған тақырып. Бұл өзі теңіздей телегей, терен тақырып. Ілгеріректе біреудің «осыларды неге айналдыра бересің?» дегеніне қарадай күйіп-піскенім бар. Әлгінің пендешілік ойының нені меңзеп тұрғаны белгілі еді. «Құдай-ау, талант ортақ емес пе, бәріміз де туысқан, жерлес емес пе едік» демеймін бе? Тіпті, әлгі немеге Сабыр Адайдың: «Көрсетпе, Құдай, сен енді нокталы жаттың жетегін, Асыр сап асыл ұл-қызым сүйдірсің гүлге етегін. Әр қазақ — менің жалғызым. Жалғыздың тілеп тілегін. Жалғаннан мәңгі өтемін!» деген өлең жолдарын шырылдап тұрып оқығым келген. Ұшқыр уақыттың өзі қазір сол ойымызды өз биігіне алып шыққан екен. Шынында, «осыларды неге айналдыра береміз?». Былайша айтқанда, «дұрыс» сауал қойып отыр. Расында, ойланбаған екенмін. Соның кілтін енді тапқан тәріздімін.

Талантты адамға қай кезде де құрмет, ілтипат білдіргіміз келіп тұратыны — табиғатымызда бар нәрсе. Неге олар туралы



ТЕҢІЗДЕЙ ТЕРЕНДЕРІМ*

қалам тербеуге ынтықпыз? Өйткені, талант — таусылмайтын тақырып, ашылмаған аралдар тәрізді, оның болмысы, қасиеті, құпиясы, сыры, әңгімесі — бәрі-бәрі қазына. Бұлармен сөйлесу, пікірлесу — рахат, жан рахаты, рухани ләззатқа тояттау. Ол әр әңгіме сайын ашылады. Тосын ой, идея — бәрі-бәрі соның басында. Алла-тағала оған үйіп-төгіп берген. Асыл өнерге, сұлу өнерге ынтық біз сияқтылар қалған өміріне таяныш, талшық етсін деп оларды Тәңір-шебер өзі жарата салған тәрізді ме, қалай? Олардың озық ойы, өмір мен өнер турасындағы терең толғаныстары, парасат-пайымдары сені ғана өсіріп қоймайды, елді де өсіреді. Өмірі де терен, өнері де терен.

По мнению Рустама Каириева, вокруг партии Respublica тоже существует немало вопросов для обсуждения. По его словам, официальный сайт партии сейчас не работает. Главная цель партии заключается в проведении глубоких структурных реформ

во всех сферах общественной жизни. Эксперт отмечает, что в этом направлении была проведена определенная работа, однако остается множество нерешенных вопросов. Поэтому, по его мнению, Respublica может вновь сделать эту тему приоритетной во время предстоящей предвыборной агитации.

«Кроме того, выдвижение участника группы «Ирина Кайратовна» кандидатом от Respublica и его заявление о креативной индустрии усилили обсуждение вокруг партии. Что будет дальше, покажет время. Главная цель Демократической партии «Ақ жол» заключается в содействии свободному развитию граждан, защите их прав и свобод, а также повышении уровня жизни населения посредством экономического, социального и политического прогресса», — говорит он.



По мнению Рустама Каириева, позиция партии «Ақ жол» выглядит привлекательной, однако время покажет, насколько эффективно она будет реализована. Эксперт отметил, что партия обладает большим опытом и выступала с немалым числом инициатив, вызывавших общественный резонанс. По его словам, уход Азата Перуашева с должности председателя партии может открыть путь новым изменениям и свежим взглядам. Поэтому есть основания следить за дальнейшей работой партии.

Дискуссии вокруг партии «Ауыл» тоже не остались без внимания общества. По словам Рустама Каириева, особенно активно обсуждается отказ некоторых кандидатов предыдущего созыва от собственных прежних заявлений. Эксперт напомнил, что опубликованная в социальных сетях информация сохраняется надолго, а граждане не забывают прежние слова политиков. По его мнению, некоторые кандидаты, повторно выдвинутые из прошлого созыва, вряд ли сделают предвыборную программу партии более привлекательной.

«В настоящее время многие партии еще не опубликовали полноценные предвыборные программы. Возможно, некоторые намеренно придерживаются их до начала агитационного периода. Пока в основном звучат только лозунги. Однако самое важное заключается в активности после выборов. Об этом не следует забывать. Иначе все снова закончится лозунгами, а народ, как и прежде, услышит только обещания. Очевидно, что люди уже давно устали от пустых лозунгов», — говорит общественный деятель Рустам Каириев.

Предстоящий месяц станет важным периодом, в течение которого партии смогут донести до населения свои идеи и доказать жизнеспособность программ. Окончательное решение 23 августа примут граждане, пришедшие на избирательные участки. В этот день будет определен состав первых депутатов Курултая, который будет работать в рамках новой Конституции, и откроется новый этап общественно-политического развития страны.



«Еңбегің кетпес
далаға...»

Қазіргі таңда аталған жүйе Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2026 жылғы 26 ақпандағы бұйрығы бойынша жүзеге асуда. Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізудің ережесіне сәйкес, түлектер Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқыту тілі) және екі бейінді пән бойынша тест тапсырады. Тек шығармашылық дайындықты қажет ететін білім бағдарламаларына қабылданушылар бұл екі пәннен босатылады.

Осылайша, жоғары оқу орнына түскісі келетіндер міндетті түрде ҰБТ тапсырады. Тестілеу барысында мектеп бітірушілер он бір жыл бойы алған білімінің нәтижесін көрсетеді. Сондықтан да әрбір түлек ҰБТ-ға асқан жауапкершілікпен қарауы керектігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Тестілеу жүйесі жыл сайын жетілдіріліп, нәтижесінде талапкерлердің білімін бағалауға мүмкіндік беріп, жоғары оқу орнына түсу жолында ашықтық пен академиялық адалдық қағидаттарын одан әрі нығайта түсуде. Бұл орайда, биыл осынау білім бәсекесі жаңа белестен көрінгенін атап өткен ләзім.

2026 жылғы негізгі ҰБТ-ға республика көлемінде 233 мыңға жуық талапкер қатысып, бағын сынады. Биыл тестілеуде екі мүмкіндік болғандықтан, сынақтардың жалпы саны 422 мың болды.

Талапкерлердің 73,1 пайызы тестті қазақ тілінде тапсырса, 26,8 пайызы орыс тілінде, ал 383 талапкер ағылшын тілінде тапсыруды таңдаған. Қорытындыға сүйенсек, 177 мыңға жуық талапкер яғни қатысушылардың 76 пайызы шекті балл жинауға қол жеткізген.

Ал бес пән бойынша орташа нәтиже 69 балды құрады. Сонымен қатар 821 талапкер 130 балдан жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Мұның барлығы тынбай білім алып, еңбектенудің нәтижесі екендігі сөзсіз. «Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға» деп ұлы Абай айтпақшы, дайындық кезеңінде білімге зер салған зерделі баланың кез-келген сында сүрінбей, алдыңғы қатардан көрінетініне бұл жолы тағы да көз жеткіздік. Атап айтқанда, Павлодар облысының түлегі Әсет Альтаир тестілеуден 140 балл иеленіп, жұлдызы жарқырай түсті. Сол сияқты, Түркістан қаласындағы жекеменшік мектептің 11-сынып оқушылары Айсұлтан Жаңбырбай мен Жасур Нышанбаев та 140 балл иеленіп, ең жоғары межеден көрінді.

Айта кетерлігі, бір мектептен шыққан екі түлек те болашақта Maqsut Narikbaev University-де аударма ісі мамандығы бойынша білім алып, халықаралық деңгейде еңбек етуді көздеп отыр. Алдағы оқу жылында 10-11 сыныптарға баратын жасөспірімдерге

БІЛІМ

БӘСЕКЕСІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Елімізде Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) 22 жылдан бері қолданылып келеді. Бұл жүйе – жоғары оқу орындарына түсуге ниетті талапкерлердің білімін бағалаудың негізгі тәсілі.

ұстазы мен ата-анасының үмітін ақтаған осындай үздіктердің жолы үлгі болуға тиіс деп есептейміз.

Академиялық адалдық әр талапкердің айнымас серігіне айналсын

Ұлттық бірыңғай тестілеудің ең негізгі қағидаттарының бірі – академиялық адалдықты сақтау. Академиялық адалдық дегеніміз – тестілеу барысында белгіленген ережелерді сақтап, білімін өз күшімен көрсету. Осы мақсатта тестілеу барысында аудиторияларда бейнебақылау жүргізіліп, тыйым салынған заттарды пайдаланудың алдын алуға айрықша назар аударылады. Бұл талаптар өз кезегінде білім деңгейін әділ бағалауға бағытталған. Сонымен қатар, ол барлық талапкерге тең мүмкіндік жасауға негізделген.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметіне сүйенсек, биыл тестілеу 422 мың рет тапсырылса, сол аралықта 890 ереже бұзу дерегі тіркелген. Атап айтқанда, 522 талапкер смартфон, шпаргалка, микроқұлаққап, смарт көзілдірік және басқа да тыйым салынған заттарды алып өтпек болған. Десе де, олардың бұл әрекеттеріне дер кезінде тосқауыл қойылған. Сондай-ақ 361 талапкер тестілеу барысында ережені бұзғаны үшін аудиториядан шығарылып, олардың нәтижелері сол мезетте жойылған.

Бейнежазбаларды тексеру кезінде де 7 бірдей талапкердің нәтижесі күшін жойды. Ал өзге адамның орнына тест тапсыру деректері тіркелмеді. Мұның барлығы өз кезегінде талапкерлерге бармақ басты, көз қысты әрекеттерге жол беруге болмайтынын ерте кезден-ақ түсінуге мүмкіндік бермек. Сонымен қатар, ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүріп өтуге дағдыланбауды саналарына сіңіре отырып, білімдінің ғана күні жарық екеніне көз жеткізуді көздейді. Осындай ақпараттарды оқу арқылы қолданылған қатаң шаралардан кейін келешекте талапкерлер мұндай келеңсіздікке жол беру салдарынан опық жеп қалатынын жақсы ұғынуы керек. Бұл көрсеткіштер ҰБТ кезінде бақылау талаптарының жыл өткен сайын күшейіп келе жатқанын көрсетеді.

Енді бейнежазбаларды саралау ісі 31 қазанға дейін жалғасып, ереже бұзу фактілері анықталған жағдайда талапкерлердің нәтижелері жойылатыны ескерілуде. Қазіргі таңда талапкерлерге тек білімін дәлелдеу ғана емес, академиялық адалдық қағидаларын сақтаудың да аса маңызды екені айтылып отыр. Себебі айла-шарғы арқылы адам алысқа шаппайтынын осы бастан ұғынуы қажет. Бұл жерде мамандар ҰБТ-ға дайындық кезінде емтихан ережелерін сақтаудың аса маңызды екенін айтады.

Осы тұста тағы да ұлы Абайдың «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар Еңбегің мен білімің екі жақтап» деген даналық сөзінің растығына көз жеткізе түскендей болдық.

ҰБТ-да қандай өзгеріс бар?

Елімізде жоғары оқу орындарына қабылдау жүйесі жыл өткен сайын жетілдіріле түсуде. Осыған байланысты Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық бірыңғай тестілеуді кезең-кезеңімен жаңғыртуды жолға қойды.

Жаңа жүйенің мақсаты – талапкерлердің тек пәндік білімін ғана емес, сыни ойлау қабілетін, ақпаратты талдау, академиялық мәтінмен жұмыс істеу және өз ойын дәлелді жеткізу дағдыларын бағалау.

Қазіргі таңда халықаралық ETS ұйымымен бірлесіп Admission Insight Test (AIT) атты жаңа қабылдау емтиханы әзірленуде. Жаңа форматты пилоттық режимде енгізуді 2027 жылы педагогикалық бағыттарға түсетін талапкерлерден бастау жоспарланып отыр. Аталған жобаға елімізде жұмыс істейтін бірқатар шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары да қатыспақ. Қолданыстағы тестілеу жүйесі әзірге өз жұмысын одан әрі жалғастыра береді. Жаңа модельдің тиімділігі пилоттық кезеңде сараланып, ол сарапшылардың ұсыныстары мен академиялық қауымдастықтың пікірлері негізінде кезең-кезеңімен қолданысқа енеді.

Жаңа тестілеу жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленіп, талапкерлердің білімін жан-жақты бағалауға септігін тигізбек. Сондай-ақ ол жоғары оқу орындарына талапкерлерді іріктеу сапасын одан әрі

арттырып, білім беру жүйесінің халықаралық талаптарға сай бейімделуіне жол ашады.

ҰБТ төңірегінде жиі көтерілетін мәселелердің бірі – ақылы негізде репетитордың көмегіне жүгіну жайы екендігі белгілі. Ал бағасы күннен-күнге шарықтап бара жатқан тестілеуге дайындау орталықтарының қызметін талапкерлердің бәрі бірдей пайдалана алмайды. Бұл сауалға қатысты Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз пікірін білдіріп, репетиторлық қызметтің көптеген елдерде қалыпты тәжірибе екенін атап көрсетті. Десе де, министр жоғары нәтиже көрсету үшін қосымша дайындық орталықтарына бару міндетті емес екенін айтты.

– Өткен жылы да репетиторсыз-ақ жоғары балл алған оқушылар болды. Ең бастысы – жүйелі дайындық, мектептегі сапалы білім және оқушының жеке мотивациясы, – деді Саясат Нұрбек өз сөзінде.

Министрдің айтуынша, талапкердің табысты болуы ең алдымен өзінің ізденісі мен тұрақты еңбегіне байланысты.

Биылғы нәтижелер талапкерлердің білім деңгейі артып келе жатқанын айқын аңғартты. Сонымен қатар, академиялық адалдық талаптарының күшеюі – тестілеудің ашықтығы мен әділдігін көрсетті.

Ал алдағы уақытта жаңа бағалау жүйесі жоғары білімге қабылдау үдерісін халықаралық талаптарға сай ете отырып, талапкерлердің жан-жақты қабілетін бағалауға ықпал етпек.

Тестілеуге дайындалғанда нені ескеру қажет?

Бүгінде ҰБТ-ның мектеп бітіруші өміріндегі негізгі сынақтың біріне айналғаны мәлім. Осы орайда дайындық барысында нендей дүниені қаперге алу қажеттігін біз білікті маман, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бақытгүл Лебековадан білген едік.

– ҰБТ-ға дайындалу барысында уақытты тиімді пайдалану қажет. 1 пәнге 1,5-2 сағат жұмсау арқылы, бір тәулікте 6-7 сағатты дайындыққа арнау аса маңызды. Тек дайындыққа өте жоғары назар аударып, қыдыру, серуендеу сынды сергітетін сәттерден түбегейлі бас тартуға болмайды. Ескеретін тағы бір жайт – ұзақ мәтінді оқып, оны түгел жаттап алу – өте қиын. Сондықтан кесте құру, инфографика, түрлі карталар, интерактивті тақталарды қолдану арқылы жүргізілген дайындық жемісті болады. Керекті ең негізгі мәліметтерді жазып алған дұрыс. Тек оқып, жаттап алғанға қарағанда, жазып отырудың есте сақтауға әсері өте зор, – дейді Б.Лебекова.

Сондай-ақ оның айтуынша, тестті тапсырып, өзіңнің жеткен деңгейіңді біліп отыру да аса маңызды саналады. Әр тест тапсырғаннан кейін, қателерді түзету арқылы жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады. Бірақ соны жасауға көп оқушы ерінеді. Ал еріншектік танытпай, бір жіберген қателікті қайталамауға дағдыланса, одан көп ұтары анық.

– ҰБТ-да жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін жүйелі дайындық пен үлкен жауапкершілік қажет. Бұл тұрғыда дайындықты ерте бастау да зор рөл атқарады. Кейбір талапкерлер уақытты өткізіп алып, дайындықты тест тапсыру уақыты жақындағанда қолға алады. Тықыр таянғанда ғана әрекет ететіндердің басым бөлігінің ойы шашыраңқы болып, көп дүниені есте сақтауына мүмкіндігі болмайды. Сондықтан да әр талапкер мүмкіндігінше өз болашағының жарқын болғанын қаласа, тестілеуге дайындықты ертерек қолға алғаны абзал. Тұрақты әрі жүйелі дайындық қана талапкерлердің тестілеуді сәтті тапсыруына септігін тигізеді, – деп түйіндеді сөзін Бақытгүл апай.

Жалпы, талапкерлікке талпынған әр бала жоғары нәтижеге жетудің кепілі сапалы білім, жүйелі дайындық және алға қойған мақсатқа деген табандылық екенін естен шығармаса игі.



ҚАРШЫҒА СІҢІРЛІ ҚАЗАҚ

Он бес жасынан бастап ұзақ уақыт Шепейзіде мұғалімдік қызмет атқарған Ғалым Нөкішұлы бұл кезде әбден сақайып, саясатты да жілікше шағып, елдегі күнде дүрбелең, күнде қыз-қыз қайнаған қым-қуыт өмірмен қоян-қолтық араласып жүрген жігерлі, жалынды азамат еді. Оқығаны да, тоқығыны да мол парасатты жігітті өмірдің жас-кәрісі тәк тұрып құрметтейді.

Әрине, ылғи тығыз жұмыспен жүретін кенсе адамы, қимылы шалт әскери кісі демесең, өте қарапайым жан. Қашан кездессең де, уақытым тығыз, мұрныма су жетпей жүр еді деп қашқақтау жоқ. Келген бұйымтайың бола қалса сабырмен тыңдап, мүмкіндігінше қолма-қол бітіріп беруге тырысады. Манайына барсаң, ақ самалдай желпіген мінезі де аса жайлы, жайдарлана күліп қойып, айтқан шаруанды тез тындырып жібереді. Құпиясы мол, қарбалас іспен арпалысып жатқан адамдар едік деп те сыр бермей-ақ, қашанда риза қылып жөнелтеді. Сондықтан оны білетіндер де, бейтаныс біреулер де шынайы сыйлап, іш тартып, жақсы көріп тұрады.

Шику аудандық Қауіпсіздік мекемесінде барлау бөлімінің қызметкері. Жиырма төрт-жиырма бестердегі шағы.

Бір күні осы баласының бірталайға келіп қалғанын аңдаған Нөкіш ақсақал ойланған. Құдай-ау, мынау ұл да жетіпті-ау. Тіпті, жеткен кайда, асып та бара жатқан сияқты. Қой, кешіктірмей аяқтандыру керек екен деп...

Қиялы жүйрік, көңілі сергек адамның ойына, неліктен екенін, бірден Ақсуатта талай жыл қатар отырып, тонның ішкі бауындай етене араласқан Әмен бауыры түсе қалды. Ол қазір баяғы Дутайда отыр.

Соны ойлауы-ақ, көз алдына Ыбырайдың Әменінің он алты-он жеті жастардағы бойжеткен қызының кескіні келген. Күлзия. Иманы жүзіне шығып, тал шыбықтай бұралып тұратын бір аяулы бала. Қашан көрсең қос бұрымы тілерсегіне түсіп, именіп тұрады. Дутайдың дәмі тартып, сол шаңыраққа кірген сәттерінде нәркес көзі мөлдіреп, қолына су құйып қызмет көрсеткені де бар. Кейінгі бір барғанында осы қызым

Қазақ халқының рухани құндылықтары, әдет-ғұрып, тарихи тамырлар, елдің тұтастығы дегенде ең алдымен қауымымыздың туыстық-жекжаттық дәстүрлері ойға оралар.

Айтса айтқандай-ақ, мысалы, «Күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық» дейтін де осы жұрт.

Автор қазақтың бір-біріне құда түсіп, өзара қыз беріп, қыз алысу ғұрпына қатысты тікелей өмірден алынған оқиғалардың бірін қаз-қалпында баяндайды.

менің Ғалымыма лайық емес пе екен деп көңіліне алаң кіріп, біртүрлі елегізіп қайтқаны да есіне түсіп, жымыып қойды.

Ай, бірақ асқан дәулетімен қатар бірінен-бірі өткен хас сұлуларымен де аты шыққан Жанай мен Тоқабай елі көлденең көк аттыны менсіне қоймаушы еді деген күдік те билемей қалмайды.

Иә, бұлардың аруларын көбіне қол жеткендер ғана алған. Мысалы, анау азуы алты қарыс Құнанбайдың анасы Зере – Тоқабай руынан шыққан. Ал әйелі Күнке Сыбан Ақтайлақ ауылының қызы. Шыңғыстаудың атакты аға сұлтанының бұл елдермен жиі араласып, ұдайы қарым-қатынаста отыратын бір себебі осыдан еді. Құнекен кейін баласы Ысқаққа да Тоқабайдың Текті деген қызын әперген. Абайды ғашық қылып «Айттым сәлем, қаламқас!» деп ән салдырған да осы елдің жуаны Тана мырзаның қызы Тұржан сұлу болатын. Мұхтар Әуезов «Түнгі сарын» деп пьеса арнап, кейіпкер ретінде «жүз тайлақ» аталған әйгілі Бәтінш сұлу да осы Жанайдың ұрпағы. Міне, Күлзия қыз осы арулардың сіңлісі еді.

Одан соң Жанай жұрты ежелден ноғайлармен жиі араласқан ел екен де, жігіттері көбіне татардың ибалы матурларын алатын. Не тағдырдың, не саясаттың құдіреті екенін кім білсін, әйтеуір, Семей жаққа берідегі Қазан мен Уфаны былай қойып, сонау Мәскеу мен Ленинградтан көшкен татарлардың көбі осы Жанай елін жағалап, кірігіп жататын көрінеді. Тәрізі, ертерек орныққан алдыңғылары бірін-бірі шақырып, бірін-бірі тартатын болса керек.

Әменнің әкесі Ыбырай қажы төрт әйел алыпты. Бір зайыбы қалмақтан да болған. Ал Әменді дүниеге әкелген кіші әйелі Құснимән – татар қызы. Осындай жағдайларға байланысты ма екен, бұл рудың қыздары өзге жұрттың қаны араласып, сымбатына сымбат

қосып, кілең бір жүзінен нұр төгілген көрікті боп жаратылатын секілді.

Бірталай ойға шомып қалған Нөкіш: «қазір жаңаша заман ғой. Кім білсін, бірақ. Көне қоя ма. Әй, қайдам, көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе, дегенмен, оңай емес-ау айттыра қоя!» деп санасы сан-сакка жүгірді.

Сөйтіп жүргенде Шепейзіге Ғалымның өзі де демалысқа келе қалған.

Нөкен сөздің ығыты келгенде алыстан орағыта отырып, ұлының «тамырын басты». Сен де недәуірге келдің ғой, енді қашанғы жалғыз жүресің, басыңа бас қоспайсың ба дегенді сездірген. Сөз байласып жүрген басқа біреуі бар ма, «жақсы болды ғой, сіздердің ыңғайларыңызды бағып едім, әкел десеніздер әкеле қояйын!» деп лок еткізе ме деген қауіп де жоқ еместі. Қиялына бекем орнықтырып үлгергендіктен бе, Күлзиядан айырылғысы келмей қалыпты. Тіпті, одан басқа адамды елестете алмайды екен.

Баласы үнсіз күлді. Әкесі әңгіме ауаның жеделдете айналдырып әкеліп, ай, сен осы анау Дутайдағы Әмен ағанның қызы Күлзияға қалай қарайсың дегенді аңдатты. Емеурінді бірден түсінген баласы ыржияды. Әкесіне шырайлана қарап, жүзіне қан жүгіреді. Енді Нөкен де жайдарыланған. Мына түріне қарағанда, Күлзия қарын-дасын бұның өзі де баяғыдан байқап-біліп жүрген «қу» болып шықты.

Расында да, Ғалым Күлзияны бір-екі мәрте көріп, сырттай ынтыққан еді. Алайда қыздың еркі көбіне әкенің қолында. Сондықтан не істерін білмей, өзінің де қиналып жүрген тұсы-тын.

Құдай сәтін салса, ыңғайланбайтын іс жоқ екен-ау. Енді, міне, әкесі екеуінің ойы бір жерден шығып, мәселенің өз-өзінен қозғала қалғанына қатты қуанады. Ыржиғаннан басқа не лажи қалсын.

Осыны аңдап, Нөкіштің көңілі әбден жайланған. Бұйыртса, қалған шаруаны өзім-ақ реттермін деген.

Өйтетін жөні де бар-ды. Баяғыда өзі прикәзшігі болған Аймағамбетке әлгі «жүз тайлақ» Бәтінш сұлуды алып берген осы Нөкіштің өзі еді. Яғни, қыз айттыруға «аздаған» тәжірибесі бар деген сөз ғой.

Сөйткен Нөкіш емес пе бұл. Енді Күлзия қызды айттырып, баласын аяқтандырып жіберудің ыңғайын таппай мазасызданады.

Құданың құдыреті, Жаратқан сәтін түсірейін десе, шыныменен, демде ғой, «Іздегенге – сұраған» – сөйтіп алабұртып жүргенінде бір күні Шепейзіде отырған Нөкіштің үйіне Құдай айдап Әменнің өзі кіріп келді!

Бұл ауылға әлдебір тірлігімен жолы түскен екен.

Болашақ құдасын құрақ ұша күтіп алған Нөкіш есі шығып, мейманын асты-үстіне түсіп қонақ қылды. Бір тұсақты жайратып салған соң, қазан оттан түскенше әңгімені төтесінен тартып, бұрынғы дос-інісіне алаңсыз отырып арман-сырын ақтарды.

– Әменжан, жасың кіші болса да атажолдас, сыралғы досым едің. Ақсуатта бірге туған ағайындай етене араласып едік. Тіпті, арамыздан қыл өтпейтін туыс та болып кетіп ек қой. Енді жат елде жүргенде ішке түйген сырымды саған айтпай кімге айтайын. Күн сайын жасарып келе жатқан жоқпыз. Кәрі қойдың жасындай жасым қалды. Атаң Жамбас ақсақалды да көріп ем. Әкең Ыбырай қажымен үзенгі қағыстырып, талай дәмдес болдым. Құдай олардың иманын берсін! Басқалардан гөрі артық жаратқан аяулы жандар еді. Баяғыдан сол текті әулетпен сарысүйек құда болсам деп армандаушы ем. Дутайға әне барамын, міне барамын деп көп оқталдым. Сөйтіп жүргенде, міне,

дәм тартып өзің кеп қалдың. Сөзді көп созып қайтсем, Құдай бұйырса, екеуіміз құда болайық! Кенже ұлым Ғалымға қызың Күлзияны бер. Тілегімді құп көрсең, баланды малға берме, менің басымды, жасымды сыйлап бер! – деп бір-ақ тоқтады.

Әмен бірталайға дейін үнде-меген. Арасында төмен қарап отырған күйі ауыр күрсінді. Көз алдынан небір алмағайып күндердің елестері зуылдап өтіп еді. О жақта да, бұ жақта да талай ыстық пен суықты бірге көріпті. Құдалық деген ата дәстүрі. Нөкеннің тілегін сабырмен қабылдады. Баяғыда шекара асып келген кей ағайынның жас қыздарын осындағы жергілікті адамдарға тұрмысқа беруге мәжбүр болғаны есіне түскен. Қайбір ықтиярымен бере қояды дейсіз. Көзінің ағы мен қарасындай әлпештеп өсірген аяулы перзентін тең емес біреулерге кім қияды. Бірақ берген. Беруге тура келгендіктен береді де.

Ондайлардың жағдайын жақсы түсінетін. Етегі бүрмелі ақ шағи көйлегі мен барқыт камзолын киіп алып, қыр асып бара жататын сондай дәрменсіз қыздардың бота көзі мөлдіреп, жәутендей қарап бара жататын көрінісі елестегенде кеудесі удай ашыды.

Мұндай жағдай жалғыз қазақ-қа ғана тән салт емес еді ғой. Жанына қанша батса да, әрбір халықта қысылтаяң кезеңдерде жас қыздарын жатқа беру үрдісі кездесіп отырған. Ендеше еркек тоқты ғана құрбандық емес екен. Елдестіретін де елші ғана емес екен. «Қыз – өріс, ұл қоныс» деп жатушы еді. Қыз да қоныс екен. Бермеске амалы қалмағандықтан береді де. Өйткені қиналған сәтте бітімгершілік керек немесе жер қажет болады. Сол қоныста алдыға салатын мал керек болады...

Осындайды ойлағанда кішкентай Күлзиямды қор қылмаспын-ау деп қиялданатын. Қарап отырса, ол періштесін де қияға қондыратын кез келіп қалған екен-ау. Қалай байқамаған. Ғалымды да жақсы біледі ғой. Жаман жігіт емес. Бірақ болашақ күйеу баланың қызынан біршама үлкендеу екеніне ойланыңқырап қалды. Күлзия он алтыда, ал жігіт жиырма бесте көрінеді. Дегенмен, ештеңе ете қоймас; оқыған-тоқығаны мол адамгершілікті, аңғарлы азамат қой. Қайта, тіпті, ер адамның зайыбынан едәуір ересектеу болғаны дұрыс шығар деп те түйіп еді. Одан соң өзінің аузына қарап тықыршып отырған Нөкен татымды жауабын берген:

– Иә, ақсақал, тілегіңіз орынды. Жат жерде жүргеніміз де рас. Атажұртты сағынғанда қабырғамыз қайысады. «Әкең өлсе не шара, әкенді көрген өлмесін» деген ғой. Осы өңірде көзкөрген өзіңізбен жүздескен сайын марқұм ата-бабаларымның қамқорлығын сезінгендей бір жасап қаламын. «Жақсы сөз жарым ырыс» демекші, бірталайға келсек те, біздің өзіміз аңда-саңда сіздің осындай ыстық лебіңізді аңсап жүреміз. Бай бір жұттық дегендей, дүние шіркін қашанғы жолдас болады? «Теңін тапса тегін бер» деген де атам қазақ еді. Сізді қайтіп алысқа қиямын, Нөке. Елімнің ажары едіңіз. Айтқаныңыз болсын. Қарсылығым жоқ, – деді.

Құлтөлеу МҰҚАШ,
Алматы



ҚАТАРДАҒЫ ОҚЫРМАН ҚҰДЫРЕТІ

Қазақ қоғамында әдебиет пен өнерді, жалпы шығармашылықты дамыту ісі тым ертеден бастау алатыны мәлім. Аталмыш саланың өркендеуі көрнекті тұлғаларымыздың өзара хат алысу арқылы да жалғасып отырғанын аңдаймыз. Мысалы, Алаш серкелерінің бірі Жүсіпбек Аймауытұлының Мәшһүр-Жүсіп атамызға жолдайтын үшбу сәлемі сөзіміздің айғағы. Айталық, Жүсіпбек асқан ойшыл, білгір тарихшы, көрнекті этнограф, шығыстанушы ғалым Мәшекеңе жазған хаттарының бірінде: «Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіз құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз – алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарытпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адам қылады. Жаңа заман өйте берсін. Сіз онда жалғыздығыңызды, сәнді-салтанатты ескі күніңізді жырлап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзімен айта білуінде ғой!» деп ағынан жарылады. Бір ғажабы, әдебиетті ілгерілетуге осындай белгілі адамдар ғана емес, қатардағы оқырман да лайықты ат салысып отырады екен. Бұл жолғы сөз осындай жазбаларға арналады.

Жазушылықты Қарағанды кен орындарында шахтер болып жүрген кезінде бастаған Әлжаппар Әбішевтің «Үйінді» аталатын алғашқы әңгімелер жинағы 1936 жылы басылып шыққан екен. Бұдан соң ол «Отан үшін», «Отан атынан», «Жолдастар», «Армансыздар» сияқты бірнеше пьеса жазып, драматург ретінде көзге түседі. Ал Ұлы Отан соғысы жылдарында «Төлеген Тоқтаров», «Саржан» әңгімелерімен бірге «Ана» аталатын бір актілі пьеса жазады. 1945 жылы «Жас түлектер» романы жарық көреді.

Сол қыркыншы жылдардан бастап проза және драматургия жанрында жемісті еңбек еткен Әлжекеңнің өз сөзімен айтқанда, жазушының: «Өмірінің соңғы кезеңін арнаған» айрықша бір кесек шаруасы бар.

Ол – қазақтың әйгілі композиторы, әнші-ақын Мәди өмірін зерттеу, сөйтіп, әдебитімізде, өнерімізде, Мәди Әпиұлына лайық ескерткіш жасау еңбегі еді. Кейін әуелде жоспарлаған трилогияның «Найзағай» және «Мәди» кітаптары жарық көрді. Бүгіндері сол романдар негізінде «Мәди» және «Мәдидің соңғы шайқасы» аталған пьесалары республикалық және облыстық театрларда қойылып келеді.

Өзі, қарап отырсақ, сонау Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сынды алыптар тобының өкшесін басқан бұл қаламгердің де бұқарамен жақын араласып, біртіндеп нағыз халық жазушысына айнала бастағанын Әлжекеңе жазылған оқырман хаттарынан да аңдауға болатындай.

Қымбатты Әбішев Әлжаппар!

Сіздің «Найзағай» атты Мәди жайында жазған романыңызды жалықпай, ынтамен оқып шықтым. Өте жақсы, қарапайым тілмен түсінікті жазылған.

Егер де мүмкіндігі болса осы кітап негізінде «Қазақфильм» арқылы көркемсуретті кинофильм түсірсе құнын ақтар еді және бүкіл әлемге Мәдидің асқан өнерпаз, әділдік үшін алысқан күрескер бейнесін көрсетер еді.

Әлжаппар! Келешекте де осындай өмірден алынған тарихи кітаптарды жазып, жемісті еңбек етуіңізге тілектеспін. Сәлеммен, Ұлы Отан соғысының мүгедегі Пахардинов Құрбан.

7.12.1975 жыл. Нарынқол, Максим Горький көшесі 51-ші үй.

Ассалаумағалейкум, Әлжаппар аға!

Сізді бала кезімізден қадір тұтып келеміз. Жасымыз елудің еңсесін басуға жақын. Сонау соғыстан кейінгі 1947-48 жылдарда Қарсақпай ФЗО-сында болдық. Сіздің «Саржан» деген 1945 жылғы жеке повесіңіз сол күйінде өзімде сақтаулы. «Армансыздар», «Жас түлектер», «Найзағай», «Ғаламат» романдарыңызды атыраулық оқырмандар сияқты журналист ретінде сүйсіне оқыдық.

Сізді хат арқылы шын көңілмен жоталы жетпіс жасқа келуіңізбен қызу құттықтап, қолыңызды қатты қысамыз. Ұзақ өмір, ұлағатты шығармалар жаза беруіңізге тілектеспіз. Сау-саламат болыңыз.

Журналистік, інілік сәлеммен – Кемелхан Ыбырайұлы.

Гурьев облысы, Ембі ауданы, Құлсары поселкесі.

4-участок, 336 – үй.

(Фонд. 894, опись –1, іс –23).

Құрметті Әлаға!

Сахнамызда тұңғыш жарық көргелі отырған «Найзағай» спектаклі бойынша дайындық жұмысын жүргізгенімізге бір жарым айға жуық уақыт болды.

Спектакльдің негізгі арқауы сахнада жасалып бітуге жақын қалды.

Аудан бойынша мәдениет саласындағы бүгінгі таңдағы аса бір елеулі уақиға деп белгіленген спектакльді дайындау жұмысына қоғамдық ұйымдар мән беріп, дайындықты күндіз-түн демей жүргізуге мүмкіндік туғызып отыр.

Әлаға! Өзіңізден хабардың болмағандығы қатты алаңдатуда. Әлде біздің жасаған нұсқамыз көңіліңізден шықпады ма? Қалай болған күнде де біз сіздің шығармаңызды көрермендерге ұялмастай дәрежеде ұсынамыз.

Әлаға! Алыста жатқан Ақтоғай көрермендері, театр коллективі сіздің де осы мерекемізге келіп қуанышымызға ортақтасуыңызды тілейді. Сізді асыға күтеміз. Премьераны 21, 22, 23-январь күндеріне белгілеп отырмыз. Сәлеммен – Тұңғышбай Мұқанов.

10-январь.

Келетін күніңізді хабарлаңыз. Балқаштан күтіп аламыз.

Құрметті Әлеке!

Шымкент театрының коллективі бұл күндері сіздің «Кім менің әкем?» пьесаңызды даярлап жатыр. Пьесаны қою үстінде бізге мынандай бір ойлар бар. Сол жөнінде сізбен ақылдассақ дейміз. Оған қалай қарайсыз, ол өз шешіміңізге салынады.

Айтайық дегеніміз: Пьесаның алдында мынандай бір пролог болса қалай болар еді? – Жадыраған көңілді көп кештердің бірі. Қыдырып, серуендеп жүрген бір топ жастар. Араларында Ольга, Думан да бар. Жүрген жерлері – Москваның сұлу көріністі орындарының бірі. (Мүмкін көпір үсті болар). Сол сәтті, шаттықты шақты «Соғыс!» деген сұрықсыз суық сөздер радио арқылы бөліп кетеді. Жаңа ғана жарқын жастық, сұлу өмір туралы айтылған жастардың әңгімесі аяулы Отан, сұрапыл соғыс жайындағы әңгімеге ауысады. Әрине, мұның бәрі кішкентай көріністе аз сөзбен берілсе. Өйткені пьесаның өне бойындағы ана баласынан, бала әкесінен айырылған соғыстың зардабы, соның салдарынан болған азды-көпті қасірет баяндалады ғой. Біз айтқан көріністі спектакль тілейтін де сияқты. Мүмкіндігі болған жағдайда мұны жазу сіздің көп уақытыңызды да алмас.

Келісе қалған жағдайда мүмкіндігіңізше тезірек жазып жіберсеңіз. Тез арада жауап күтеміз.

Сәлеммен, Әубәкір Ордабаев, театр режиссері.

20.XI. 1957 жыл.

Ендігі бір хат Әлжаппар Әбішевтің «Жас түлектер» романына қатысты «Жазушы» баспасына оқырман сәлемін жеткізеді. Аталған шығарманың алғаш рет 1945 жылы жарияланғанын білеміз. Ал мына хат кітаптың қайта басылған нұсқасына орай жазылған сияқты.

Құрметті «Жазушы» баспасы!

Сіздер 1974 жылы басып шығарған Әлжаппар Әбішевтің «Жас түлектер» атты романын оқып шықтым. Жазушы ағамыз адам кейіпкерін шебер де, оқушы қауымға тартымды етіп суреттей білген. Романдағы жағымды образдар мен жағымсыз образдарға берілген мінездемелер орынды. Романды Ұлы Отан соғысы жылдарындағы

совет халықтарының бүткіл бес жыл өмірі баяндалған.

Романның кіріспе бөлімінде екі жақтың кіршіксіз адал махаббаты баяндалса, ал шарықтау шегінде соғыс жылдарындағы Қарағанды шахтасының Қызыл Тудан айрылып қалғандығын, сол үшін шахта қызметкерлері мен жұмысшылары Қызыл Туды қайта жеңіп алу үстінде бәрі бір кісідей жұмыла жұмысқа кіріскендігі баяндалады.

Ал романның соңында уақиғаның соңы біртіндеп шешіледі. Қарағанды шахтасының жұмыскерлері өздеріне берілген жоспарды орындай отырып, жоспардан тыс көмір өндіреді. Осындай қызу жұмысқа кіріскен Қарағанды шахтасы Қызыл Туды қайта жеңіп алады. Осындай көркем әдебиеттің типтеріндегі эпос жанрындағы роман түрінде жазылған көлемді шығарманың соңы, драмалық жанрдың трагедиялық түріне ұқсайды. Бірақ осы көлемді шығармадан менің кейбір түсінбей қалған жерлерім болды.

Мүмкін болса түсіндіріп жіберулеріңізді сұранамын. Менің түсінбегендерім мыналар:

Романның 3-ші тарауындағы қаланың аты не себепті «Н.» деген бас әріппен жазыла салған. Жоқ, әлде ол қала ашылмаған қала ма? Тек осы кітапта ғана емес, «Н.» қаласы деген қаланы Ботагөз романынан да кездестірген едім. Ал романның 12-ші тарауында Перизат Бөлекбасқа үйленеді. Бөлекбас Перизатты қаламаса да, қалайша үйленеді?!. Жоқ әлде Нұрланның Сәулеге айтқан мына бір сөзі себеп болды ма? – «Сен Перизатқа айт, Бөлекбастан айырылмасын!» деген сөзі екеуінің үйленуіне түрткі болды ма?

Сонан соң сіздерден сұрайтыным, мына сөздің мағынасын түсіндірсеңіздер екен. «Тәнім таза болғанша, жаным неге таза болмады екен?» деген сөз. Бұл сөзді Ғ.Мұстафинның «Миллионер» романынан да оқыған едім. Сіздерге қояр бірер сұрағым осымен аяқталады.

Ал енді мен өзімді таныстыра кетейін. Мен 1958 жылы Шымкент облысының Бөген ауданына қарасты Көктөбе бөлімшесінде дүниеге келіппін.

Көктөбеде сегіз жылдық мектепті бітірдім. Ал қазір Шұбар селосындағы Ленин атындағы мектепте 10 «Б» класында оқимын.

Сіздерге хат жолдаушы – 10 класс оқушысы Абдраманова Гүлсара. 28-май, 1976 жыл.

Мұндай мазмұндағы хаттар лек легімен келіп отырған сияқты. Бір ғажабы, қарапайым оқырман жазушыға әрдайым ағынан ақтарылып, риясыз ниет-тілегін білдіреді. Шығарманы оқу барысында өзін толғандырған жәйттерді бүкпесіз ортаға салады. Сөйтіп қаламгерге құнды ұсыныстар айтады. Мәселен, жоғарыдағы Ұлы Отан соғысының мүгедегі Пахардинов Құрбанның сонау 1975-ші жылы айтқан «Егер де мүмкіндігі болса осы кітап негізінде көркемсуретті кинофильм түсірсе құнын ақтар еді және бүкіл әлемге Мәдидің асқан өнерпаз, әділдік үшін алысқан күрескер бейнесін көрсетер еді» деген ұсынысының күні бүгінге дейін маңызын жоймағаны анық.

Міне, осылайша елмен үнемі қоян-қолтық араласып, ұдайы хат алысуды әдет қылған Әлжаппар Әбішев республикамыз Тәуелсіздік алған соң алғашқылардың бірі болып «Қазақстанның Халық жазушысы» құрметті атағына ие болды.

Құлан САҒАТҰЛЫ.
(Хаттар ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатынан алынды).

Суретте: Қазақстанның Халық жазушысы Әлжаппар Әбішев.

Қытайдың Ханчжоу қаласындағы Чжэцзян провинциясының музейінде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Ұлы дала көшпелілерінің мәдениеті» көрмесінің салтанаты ашылу рәсімі өтті. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Көрмеге қойылған 279 бірегей археологиялық жәдігер көпшілікті Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі және ортағасырлық көшпелі халықтардың тарихымен, өнерімен және мәдени мұрасымен таныстырады.

Ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасының Шанхай қаласындағы Бас консулы Нұрлан Аққошқаров, Бейжіңдегі Қазақ мәдени орталығының өкілдері, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің басшылығы, Қытай музейлерінің директорлары, ғалымдар, археологтар мен мәдениеттанушылар қатысты.

Экспозиция үш тақырыптық бөлімнен тұрады. Онда қола дәуірінен бастап орта ғасырға дейінгі кезеңді қамтитын зергерлік бұйымдар, қару-жарақ, еңбек құралдары, торевтика, керамика және мата үлгілері ұсынылған. Бұл жәдігерлер сақ, үйсін, ғұн, қаңлы және түркі тайпаларының мәдениетін және Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың өркендеу тарихын айшықтайды.

Көрменің ең көрнекті жәдігерлерінің қатарында Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» реконструкциясы, Қаңлы мемлекетінің ақсүйек әйелі мен ғұн жауынгерінің бейнелері бар. Шілікті қорғанынан, Жалаулы және Қарғалы қазыналарынан табылған алтын бұйымдар, Арыс өзені аңғары мен Күлтөбе қалашығынан алынған археологиялық олжалар, XIII ғасырдың соңы – XIV ғасырдың басына жататын жібек маталардың бөліктері де көпшілік назарына ұсынылған.

Көрменің ашылуы аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі мен Чжэцзян провинциялық музейі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжат бірлескен

ҚЫТАЙДА КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ КӨРМЕ АШЫЛДЫ



ғылыми зерттеулер жүргізуді, Ұлы Жібек жолының тарихи ескерткіштерін зерделеуді, тәжірибе алмасуды және археологиялық экспедициялар ұйымдастыруды көздейді.

Жоба Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени ынтымақтастық аясында және екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 35 жыл толуы қарсаңында ұйымдастырылды.

Аталған көрме Чжэцзян провинциясының музейінде осы жылғы 11 қазанға дейін болады.

qazaquni.kz

Жойылып кету қаупіне ұшыраған апортты сақтап, көбейту мақсатында 2025-2028 жылдарға арналған кешенді Жол картасы қабылданып, қазіргі таңда кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр.

Бағдарламадағы ерекше туындылардың бірі – аты аңызға айналған Петр Лупенков туралы «Құлалы аралының адамы» фильмі. Картина Каспий теңізіндегі шалғай Құлалы аралында орналасқан гидрометеорологиялық стан-ция басшысының өмірі мен еңбегін баяндайды. Көркемдік тұрғыдан жоғары деңгейде түсірілген бұл фильм көрермендердің зор ықыласына бөленді.

Петропавлдықтар фильмнің түсірілу барысы, шығармашылық шешімдер мен техникалық ерекшеліктер жайында көбірек білгісі келді. Олардың сұрақтарына Президент Телерадиокешенінің Деректі фильмдер орталығының аға редакторы, сценарист Эльмира Ішмұхаметова мен режиссер Бақтияр Қанафин жауап берді.

– Көрермендерді көбіне кадр сыртында қалған дүниелер қызықтырады. Олар «Түсірілім қалай өтті? Кейіпкерлердің сеніміне қалай кірдіңіздер?» деген сұрақтарды жиі қояды. Мен үшін ерекше қымбат туынды – «Құлалы аралындағы адам» фильмі. Біз басты кейіпкердің тағдыры арқылы еліміздің құндылықтарын, қиындықтарды еңсеру жолын және адамдардың өз кәсібіне деген шынайы сүйіспеншілігін көрсетуге тырыстық. Ал көрермендер «Бұл фильмді тағы қайдан көруге болады?» деп сұраса, бұл – біз үшін ең жоғары баға, – деді Эльмира Ішмұхаметова.

Айта кетейік, «Хроникадан болашаққа» республикалық кинолекторийі бұған дейін Астанада, сондай-ақ еліміздің оңтүстік, батыс және шығыс өңірлерінде өткен болатын. Алдағы уақытта жоба Қостанай, Жезқазған, Қарағанды, Көкшетау, Талдықорған және Қонаев қалаларында жалғасады. Қорытынды көрсетілім 25 қыркүйекте Алматы қаласында ұйымдастырылады.

qazaquni.kz

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Оразәлі БАЙМҰРАТ
Бас редактордың орынбасары –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

Аймақтағы тілшілер:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мұтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)

**Астанада “Алты Алаш”
дүңгіршіктерінде сатылады**
(8-701-572-88-47)

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.**
**Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік
№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт. Газетте “Қазақпараттың” материалдары пайдаланылды. Газет “ Қазақ үні” компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ – 11 100
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni.gazeta@gmail.com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор
Құлтөлеу Мұқаш

ТОО “Қазақ үні”
БИН 000540006784
ИИК KZ208560000000385541
АГФ АО “БанкЦентрКредит”
г. Алматы, БИК КСІВКЗКХ, Кбе 17
Газет “Алматы-Болашақ” баспаханасында
басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 в.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

«ХРОНИКАДАН БОЛАШАҚҚА»: ПЕТРОПАВЛДА ДЕРЕКТІ КИНО КЕШІ ӨТТІ



ҚР Президенті Телерадиокешенінің 30 жылдығына арналған ауқымды ағартушылық жоба еліміздің солтүстік өңірлеріне де жетті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Агенттік тілшісінің жазуынша, Петропавлда екі күн бойы өткен «Хроникадан болашаққа» атты кинолекторийге көп адам келген. Президент Телерадиокешенінің Деректі кино орталығының төл туындылары Қазақстан тарихындағы маңызды кезеңдерді, қоғамдағы өзекті мәселелерді және мемлекет дамуына үлес қосқан азаматтардың өмір жолын арқау етеді. Деректі туындылар көрерменге өткен оқиғаларды жаңаша қабылдауға мүмкіндік береді. Солтүстік Қазақстан облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының міндетін атқарушы Динара Бүркітәлімова республикалық деректі кино апталығының осы өңірде де өткізілуі үлкен мәртебе екенін айтты.

Петропавл тұрғындарының назарына «Қуатты серіктес», «Құлалы аралының адамы», «Travel Kazakhstan» және «Апорт» фильмдері ұсынылды. Деректі кино көрерменге таныс мекендер мен адамдар тағдырын жаңа қырынан танып, кейіпкерлерден өзін көруге мүмкіндік береді. Оқиғалар куәгерлердің сұхбаттары

арқылы баяндалып, тарихты көрерменге жақын әрі түсінікті етеді, экранды қоғамның өзімен сырласатын жанды алаңға айналдырады.

«Қуатты серіктес» фильмі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы желтоқсандағы Жапонияға жасаған ресми сапарына және екі ел арасындағы стратегиялық әріптестіктің дамуына арналған. Фильм Қазақстан дипломатиясының ішкі қырларын, яғни өзіндік қолтаңбасын, мәмілегерлік ше-берлігін және ұстанған бағытынан айнымайтын жүйелілігін көрсетеді. Бүгінде бұл әлемдегі үздік дипломатиялық тәжірибелердің бірі ретінде мойындалған. Қалың көрерменнің ерекше қызығушылығын тудырған фильмдердің бірі – «Апорт». Бұл алманың хош иісі әрбір қазақстандық үшін өзіндік мәдени мәнге ие.

Фильмде апорттың тарихына қатысты бұрын көпшілік білмей келген деректер келтірілген. 1900 жылдан бері атақты Алматы апорты алты рет беделді халықаралық көрмелерде жоғары марапаттарға ие болыпты. 1970 жылы Қазақстанда 3 миллион 850 мыңнан астам апорт ағашы өссе, оның 3 миллионы Алматы облысында орналасқан еді. Алайда 1984 жылға қарай олардың саны небәрі 1 млн 400 мың түпке дейін азайған.

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 жылға	қала үшін 5750,88 тенге	ауыл/аудан үшін 5974,32 тенге
---------	----------------------------	----------------------------------

Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады

Газетке 1 жылға тікелей жазылым — 5 000 теңге.
100 данаға 1 жылға тікелей жазылым — 500 000 теңге.
1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым — 5 000 000 теңге.